Серуен	**Картотека №5** **Бақылау:Көшедегі машиналарды бақылау.** **Мақсаты:** Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту, су құю. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. Жеке жұмыс: « Алтын күз» тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға		**Картотека №6** **Бақылау:Құстардың қысқы тіршілігін бақылау.** **Мақсаты**: Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққаұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру. Еңбек: «Біздің ойыншықтар». Мақсаты:Ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету. Жеке жұмыс: Тақпақ: «Құстар қайтып барады». Мақсаты:Балаларға тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету. Қазан толы	

	дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қоыр молайту. Қимылдық ойын: « Ақ қояным» Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру. Қимылдық ойын: «Ұшты-ұшты» Ойын барысы: « Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты»,- дейді. Осы кезде ұшпайтын нәресеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі.Үшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту мақсатында әдейі арба-қарға,үйрек-бүйрек, кептер- кепсер, көже- шөже, іркіт- бүркіт болып айтылады.Есек ұшты, есік үшты, етік үшты, бесік ұшты деп ұзақ айтылып келіп, шөмеле ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыстыруға болады. Дербес ойындар: «Тәтті тоқаштар» пісірейік «Мені қуып жет». Тренинг: «Шаңырақ»	Дәулет қорын қалады. Заңғар көкке жол сызып, Құстар қайтып барады. Қимылдық ойын: «Жүзік салу» Мақсаты: Зейін қойып тыңдауға үйрету. Қимылдық ойын: «Сымсыз телефон». Ойын барысы: Балалар сап түзеп тұрады.Ойын басқарушы бірінші тұрған адамға құлағына сыбырлап, сөз немесе сөйлем айтады, ол келесі көршісіне сыбырлап естіген сөзін жеткізеді, солай соңғы адамға дейін жалғасады.Ал енді ойын басқарушы соңғы адамнан бастап әлгі айтылған сөзді сұрайды.Бастапқы айтқан сөзі кейде өзгеріп кетуі мүмкін, соны қате естіп өзгерткен адам айып өтейді.Айып түрлері: Ән салу, би билеу т.б Дербес ойындар: 1.Тығылыспақ 2. Әткеншек тебу. Тренинг: «Құс болып ұшайы
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**	
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**	
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотористаны дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**	

Біртіндеп ұйқыданояту, Сауықтыру шаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту.**Сауықтыру жаттығулары** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту).**Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту).**Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Балалардың дербес іс-әрекеті	**Сурет салу** Дәстүрден тыс әдіс: саусақпен қуыршақ бейнесін салу **Мүсіндеу** Ермексаздан доп жасау (домалақтау тәсілі) **Жапсыру** Дайын пішіндерден қуыршақтың суретін жапсыру **Қоршаған әлеммен таныстыру** «Менің ойыншықтарым қайда тұрады?» (қорап, сөре) Ойыншықтарды күтіп ұстау ережелері	**Вариативный компонент. Сурет салу** – Алақанмен аю бейнесін салу (дәстүрден тыс әдіс). **Мүсіндеу** – Ермексаздан аю мүсіндеу (домалақтау, жалпақтау). **Жапсыру** – Дөңгелек пішіндерден аю бейнесін құрастыру. **Қоршаған әлеммен таныстыру** – Үй жануарлары мен ойыншық жануарларды салыстыру.	**Құрастыру** – Конструктордан машина жасау. **Сурет салу** – Дөңгелек штампымен машина бейнесін салу (дәстүрден тыс әдіс). **Мүсіндеу** – Ермексаздан машина жасау. **Жапсыру** – Пішіндерден машина бейнесін жапсыру. **Қоршаған әлеммен таныстыру** – Нағыз көліктерді бақылау (сурет, видео).	**Жапсыру** – Қуыршаққа көйлек жапсыру (дайын пішіндерден). **Қоршаған әлеммен таныстыру** – Балалардың сүйікті ойыншықтары мен олардың айырмашылықтарын атау. **Сурет салу** – Мақтамен қуыршақтың киімін бояу (дәстүрден тыс әдіс). **Мүсіндеу** – Қуыршаққа жеміс (алма, алмұрт) мүсіндеу.	**Құрастыру** – Барлық ойыншықтарға арналған ойын бұрышын құрастыру. **Сурет салу** – Тіс щеткасымен шашыратып ойыншық бейнесін салу (дәстүрден тыс әдіс). **Мүсіндеу** – Ермексаздан бірге ойнайтын ойыншықтарды жасау. **Жапсыру** – «Менің ойыншықтарым» композициясын жапсыру. **Қоршаған әлеммен таныстыру** – Ойыншықтарды күтіп ұстау ережесін қайталау.
Балалармен жеке жұмыс	жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айтқызу	шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдап, қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету	көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыруға үйрету	тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атайды және ойыншықтарды қолдана отырып, олармен ойнату	заттарды және олармен әрекет етуді біледі, оларды суреттен тануға үйрету
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.				

	(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**	
Серуен	**Картотека №5** Дербес ойындар: 1.Тығылыспақ 2. Әткеншек тебу. Тренинг: «Құс болып ұшайы	**Картотека №6** Дербес ойындар: «Тәтті тоқаштар» пісірейік «Мені қуып жет». Тренинг: «Шаңырақ»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**	
Балалардың үйіне қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту). Күні бойғы әсерін ертегі арқылы талқылаңыз. Отбасымен бірге үстел басында күннің жақсы сәтін айту дәстүрін бастаңыз. Тапсырманы орындағаны үшін алғыс айтып, жылы сөз айтыңыз. Бірге түстерге байланысты сурет салыңыз. Бірге кітап оқып, кейіпкерлердің іс-әрекетін талқылаңыз.	

Тексерілді: Бердашетова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
Топ: «Балдырған» ортаңғы топ
Жоспардің құрылу кезеңі: (22.09.2025ж - 26.09.2025ж 4 апта)
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
Апта дәйек сөзі: «Ақырын жүріп анық бас, еңбегін кетпес далаға!» (Абай Құнанбайұлы) (әңгімелесу) **Адал Азамат БТБ**
Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу
Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау
Өзіне-өзі қызмет көрсету
Тәрбиешілер: Тукушова Л.К , Морланг К.В

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 22.09.2025 ж**	**Сейсенбі 23.09.2025 ж**	**Сәрсенбі 24.09.2025ж**	**Бейсенбі 25.09.2025ж**	**Жұма 26.09.2025**
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі				
Ата-аналармен немесе баланың заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаға жылы құшақтап, «күнің сәтті өтсін» деңіз. Балаға достарына күлімдеп сәлем беруді ескертіңіз. Балаға өзін-өзі мақтауды үйретететін сөз айтыңыз («мен мейірімдімін»). Қауіпсіздік ережесін еске түсіріңіз (жолдан өту, өткір зат). аланы шынайы күліп шығарып салыңыз.				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Жапырақтарды жинаймыз» Балабақша ауласына түрлі түсті қағаздан жасалған жапырақтар шашылып қояды. Балалар оларды жинап, «қоқыс жәшігіне» (себетке) салады. Экологиялық тәрбие	«Дүкен» Балалар сатып алушы болып «Алма беріңізші!» деп ойыншық затты «сатып алады». Ақшаның алмасу құралы екенін түсіндіру Қаржылық сауаттылық	«Досыңа көмектес» Балалар шеңберге тұрады. Бір бала ойыншықты түсіріп алады. Қасындағы бала «алып беріп» досына қайтарады. Барлығы кезекпен қайталайды. Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы	«Ақ серек – көк серек» (жеңілдетілген түрі) Балалар екі топқа бөлініп тұрады. Бір-біріне қарап «Ақ серек – көк серек, бізден сізге кім керек?» деп айтады. Қарсы топтан бір бала жүгіріп келіп, досын ертіп кетеді. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»	«Шын айтшы» Тәрбиеші ойыншықты көрсетіп: «Бұл мысық па?» деп қасақана шатастырады. Балалар «Жоқ, бұл қоян!» деп дұрыс айтады. Баланы шындықты айтуға, дұрыс жауап беруге баулу. Адалдық әліппесі
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату , орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. гимн кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Қазақ тілі** «Жануарлар әлемі» Тілдік дамытушы орта: Суреттер және ойын арқылы жануарларды таныстыру.	**Музыка** «Домбыраның сиқырлы әуені» Мақсаты: Балалардың ұлттық аспапқа қызығушылығын арттыру, есту және ырғақты сезіну			**Дене тәрбиесі** Жолақ бойымен жүреміз» ЖДЖ: Қолды кезекпен көтеру, шапалақтау. Негізгі қимыл: Жолақ бойымен жүру, кедергілерді айналып өту.

	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: «қ», «ғ» дыбыстарын айту. Сөздік қор: «Мысық, ит, қоян, сиыр, жылқы». Грамматикалық құрылым: Жуан-жіңішке түбірлерді ажырату («қоян – қояндар», «мысық – мысықтар»). Байланыстырып сөйлеу: Қарапайым сөйлемдер айту («Мысық мияулайды», «Қоян секіреді»). Дене тәрбиесі ЖДЖ: Қолды жанға жазу, алақандарды жоғары қарату. Негізгі қимыл: Арқаннан ұстап жүру, тоқтап бұрылу. Ұлттық ойын: «Ақ серек-көк серек». Мәдени-гигиеналық дағды: Қолды, бетті дұрыс жуу. Сауықтыру шарасы: Серуен кезіндегі сергіту.	қабілеттерін дамыту. Әрекет барысы: Балаларды домбыраның нәзік әуенімен қарсы алу. Тәрбиеші: «Домбыра — қазақ халқының жаны» деп қысқаша түсіндіреді. Домбырадан қысқа әуен ойнатып, балаларға дыбысты қайталау (мысалы: «лә-лә», «ла-ла-ла»). Қимыл: балалар шеңбер бойымен жүріп, домбыраның ырғағына қолдарын жай тербеп, кейде шапалақтайды. Дидактикалық ойын: «Үнін тап» – тәрбиеші әртүрлі заттан дыбыс шығарады (үстелді қағады, қоңырау сылдыратады, домбыра тартады), балалар тек домбыра үні шыққанда қолдарын көтереді. Дене тәрбиесі «Жұптасып жүреміз» ЖДЖ: Қолды жоғары, жанға көтеру. Саусақтарды ашып-жұму. Негізгі қимыл: Жұппен жүр тапсырма орындап жүру. Ұлттық ойын: «Қуырмаш» (саусақ ойыны). Мәдени-гигиеналық дағды: құралдарын дұрыс пайдалан Сауықтыру шарасы: Су мен			Ұлттық ойын: «Айгөлек» (әндетіп). Мәдени-гигиеналық дағды: Қол орамалды пайдалану. Сауықтыру шарасы: Тыныс алу жаттығулары («Шамды үрле»).

		шынықтыру.			
	Менің үстелім **Тіл дамыту және көркем әдебиет** – «Менің үстелім» тақырыбында әңгімелесу. Үстел туралы өлең оқу Қазақ тілі – «Ү» дыбысын айту, үстел, орындық сөздерін жаттау Математика негіздері – Үлкен үстел мен кіші үстелді салыстыру. «Көп – біреу» ұғымын бекіту Құрастыру – Текшелерден үстел құрастыру	Менің орындығым **Тіл дамыту және көркем әдебиет –** «Менің орындығым» тақырыбында әңгімелеу. Жұмбақ шешу Қазақ тілі – «О» дыбысын айту. Орындық сөзін сөйлемде қолдану Математика негіздері – Үлкен орындық пен кішкентай орындықты салыстыру. «Алдында – артында» ұғымы Құрастыру – Құрылыс материалдарынан орындық құрастыру	Менің төсегім **Тіл дамыту және көркем әдебиет** – «Менің төсегім» тақырыбы. Ертегіден үзінді тыңдау Қазақ тілі – «Т» дыбысын айту. Төсек сөзін қолдану Математика негіздері – Ұзын көрпе мен қысқа көрпені салыстыру Құрастыру – Текшелерден төсек жасау	Менің шкафым **Тіл дамыту және көркем әдебиет –** «Шкафта не бар?» тақырыбында әңгімелеу. «Ш» дыбысын айту Қазақ тілі – Шкаф, есік, сөре сөздерін меңгеру Математика негіздері – Жоғарыдағы және төмендегі сөрелерді ажырату. «Жоғары – төмен» ұғымы	Менің бөлмемдегі жиһаздар **Тіл дамыту және көркем әдебиет** – «Менің бөлмемдегі жиһаздар» тақырыбында әңгімелеу. Өлең жаттау Қазақ тілі – Сөз тіркестері: жұмсақ төсек, кіші үстел, үлкен шкаф Математика негіздері – Жиһаздарды топтау: үстел бөлек, орындық бөлек. «Көп – аз» түсінігі Құрастыру – Құрылыс материалдарынан бөлме құрастыру Сурет салу – Дақ шашып бояу арқылы жиһаз бейнесін салу (дәстүрден тыс әдіс)
Екінші таңғы ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	**Картотека №7** **Бақылау:Ауа-райын бақылау.** **Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. **Еңбек: «Таза алаң».**		**Картотека №8** **Бақылау: Күзгі жапырақтарды бақылау.Мақсаты:**Мезгілге байланысты		

	Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов «Күшік». Мақсаты: Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. Е.Өтетілеуов. «Күшік». Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап **Ойын: «Қасқыр мен қаздар».** **Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. **Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи».** **Мақсаты**: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Ойын барысы:Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: «Тым-тырыс, тымпи-тымпи»,- дейді.Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс.Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге тырысады.Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай «өнерімен» ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып , соны күлдіртуге күш салады.Әзіл-сықақтары әлсіз, әсерсіз болса, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз қимылдар жасап күлдіруге әрекет етеді. Осы сәтте әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның сұрағына жауап бермеуге тырысады.Ал, сөйлеп , күліп қойса айыпкер саналады. Айыбы үшін өлең айтып би билейді.Айбын өтегеннен кейін ол ортаға шығып, ойынды басқарып кетеді. Балалардың өз бетімен ойнауы: **1. Әткеншек тебу**. **2. Допты қуалау**. Тренинг: «Біз біргеміз».	жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. **Еңбек:Жапырақтардан гүл шоғын жасау** **Мақсаты:** Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. Жеке жұмыс: «Күзгі жапырақ» тақпақ Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. **Ойын: «Аю жүрген орманда».** **Мақсаты:** Қимыл қозғалысын дамыту **Қимылдық ойын: «Монданақ».** Ойын барысы: Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғандар тізерлеп: «Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ»,-деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра аллмаған ойыншы ортаға шығады. Балалардың өз бетімен ойнауы: **1.Орта доп** **2.Әткеншек тебу** **3.Қуаласпақ** Тренинг: «Бір шаңырақ астында».
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес	

	қимыл әрекеті).
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотериканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «**Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**

Балаларды ң дербес іс-әрекеті	**Сурет салу –** Саусақпен үстелді бояу (дәстүрден тыс әдіс) Мүсіндеу – Ермексаздан үстел бейнесін жасау Жапсыру – Дайын пішіндерден үстел бейнесін жапсыру Қоршаған әлеммен таныстыру – Балабақшадағы үстелдерді бақылау	**Вариативный компонент. Сурет салу –** Алақанмен орындық бейнесін салу (дәстүрден тыс әдіс) Мүсіндеу – Ермексаздан орындық жасау Жапсыру – Геометриялық пішіндерден орындық бейнесін құрастыру Қоршаған әлеммен таныстыру – Үйдегі және балабақшадағы орындықтарды салыстыру	**Сурет салу –** Мақтамен төсек суретін бояу (дәстүрден тыс әдіс) Мүсіндеу – Ермексаздан жастық мүсіндеу Жапсыру – Жастық пен көрпе бейнесін жапсыру Қоршаған әлеммен таныстыру – Төсек жабдықтарын көрсету	**Құрастыру –** Құрылыс материалдарынан шағын шкаф жасау Сурет салу – Тіс щеткасын пайдаланып шкаф бейнесін салу (дәстүрден тыс әдіс) Мүсіндеу – Ермексаздан шағын сөре жасау Жапсыру – Дайын пішіндерден шкаф бейнесін құрастыру Қоршаған әлеммен таныстыру – Балабақшадағы шкафтарды бақылау **Зерттеу: «Су қандай дәмге ие?»** Судың өзіндік дәмі жоқ, бірақ онда кейбір заттардың дәмін ала алады деген түсінік беру. Дәм сезімдерін, қарапайым себеп-салдарлық қатынастарды орнату қабілетін дамыту. Тәжірибелік іс-әрекет барысында достық қарым-қатынаст дамыту.	**Мүсіндеу** – Ермексаздан жиһаздар топтамасын жасау Жапсыру – «Менің бөлмем» композициясын жасау Қоршаған әлеммен таныстыру – Үйдегі және балабақшадағы жиһаздарды салыстыру
Балалармен жеке жұмыс	үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындауға үйрету	педагогтің көмегімен шағын тақпақтарды қайталап айтқызу:	бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруды үйрету:	қаламды дұрыс ұстайды, тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізуді үйрету:	көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыруға үйрету:
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру				

Серуен	«Аспандағы шарлар» Мақсаты: Қолдың икемділігін дамыту. Шарты: Балалар шарды жерге түсірмей, жоғары соғып ойнайды.	«Жолдан қаш» Мақсаты: Жылдам реакцияны дамыту. Шарты: Ортада сызық немесе жіп – «жол». Тәрбиеші «көлік келе жатыр» десе, балалар жолдан секіріп қашады.	«Секіргіш бақалар» Мақсаты: Секіру дағдыларын дамыту. Шарты: Балалар бақа сияқты секіріп, белгіленген жерге жетеді.	«Желкенді кеме» Мақсаты: Қиял мен қозғалысты үйлестіру. Шарты: Балалар «кеме» болып, қолдарын жайып желкен етіп, бір бағытта қозғалады.	«Сиқырлы доп» Мақсаты: Доппен жұмыс дағдыларын дамыту. Шарты: Балалар допты бір-біріне лақтырып, жерге түсірмеуге тырысады
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың үйіне қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту). Ойын арқылы жаңа білімді бекітуге уақыт бөліңіз. Бірге көңілді қимылды ойын ойнаңыз. Бүгін жасаған мейірімді ісін атап өтіңіз. Көрген қызықты оқиғасын тыңдауға уақыт бөліңіз. Ұйықтар алдында тыныш музыка тыңдату — жақсы ұйқыға көмектеседі.				

Тексерілді: Бердашетова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
Топ: «Балдырған» ортаңғы топ
Жоспардің құрылу кезеңі: (29.09.2025ж - 03.10.2025ж 1 апта)
Қазан: Тәуелсіздік және отаншылдық айы
Апта дәйек сөзі: «Ел-жұртымның бақыты аталатын, сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!» Адал Азамат БТБ
Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу
Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау
Өзіне-өзі қызмет көрсету
Тәрбиешілер: Тукушова Л.К , Морланг К.В

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 29.09.2025 ж**	**Сейсенбі 30.09.2025 ж**	**Сәрсенбі 01.10.2025ж**	**Бейсенбі 02.10.2025ж**	**Жұма 03.10.2025ж**
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** «Менің Қазақстаным» Қ. гимн тыңдату, бірге орындау, жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.				
Ата-аналармен немесе баланың заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Ерте кәсіптік бағдар беру** Ойын: «Кім қайда жұмыс істейді?» Мақсаты: Мамандарды жұмыс орнымен сәйкестендіруге үйрету. Құрал жабдықтар: Мамандық және жұмыс орны суреттері (аурухана, мектеп, асхана, өрт сөндіру көлігі). Ойын барысы: Тәрбиеші мамандық суретін көрсетеді. Балалар сәйкес жұмыс орнын таңдайды.	**Құқықтық сауаттылық** «Менің құқығым бар» Мақсаты: Құқық бұзылған жағдайды тануға үйрету. Құрал-жабдықтар: Суреттер (баланың ойыншығын тартып алу, кезексіз кіру). Ойын барысы: Сурет көрсетіледі. Балалар кімнің құқығы бұзылғанын айтады.	**Адалдық әліппесі** Ойын: «Шындық па, өтірік пе?» Мақсаты: Шындық пен өтірікті ажыратуға дағдыландыру. Ойын барысы: Тәрбиеші сөйлемдер айтады. Шын болса – қол көтереді, өтірік болса – қол түсіреді.	**Ұлттық ойын – ұлт қазынасы** «Асық ату» Мақсаты: Көз мөлшерін, дәлдігін дамыту. Құрал жабдықтар: Асықтар. Ойын барысы: Ортаға асық қойылады. Балалар кезекпен атады.	**Қаржылық сауаттылық** «Дүкен» Мақсаты: Ақша мен зат айырбасын түсіндіру. Құрал-жабдықтар: Ойыншық ақша, тауарлар. Ойын барысы: Бір бала – сатушы, қалғандары – сатып алушы. Ақша беріп, зат сатып алады.
Ертеңгілік жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. **Мақсаты:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**1.Қазақ тілі** **«Менің достарым»** **Тілдік орта** Балалар бір-бірін таныстырады: «Бұл – менің досым Айша». **Дыбыстық мәдениет** «д», «т» дыбыстарын айту («ддд	**1.Музыка** **Әуеннің көңіл-күйі»** **Ұйымдастыру кезеңі** Балаларды шат көңілмен қарсы алу, амандасу әуенін бірге айту. **Музыка тыңдау** Түрлі көңілді және баяу әндерді тыңдау. Әуеннің			**1.Дене тәрбиесі** **Кіріспе бөлім:** Құм салынған қапшықты бақайларымен қысып ұстау. Табанның ұсақ бұлшықеттерін дамытады. **Негізгі қимыл:** Тақтайшалард

	– доп», «ттт – тау»). **Сөздік қор** «Дос, бірге, ойнау, күлкі». **Грамматикалық құрылым** Көпше түрі: «дос – достар», «балалар – балалар». **Байланыстырып сөйлеу** Қарапайым сөйлемдер: «Менің досым бар», «Біз бірге ойнаймыз». **1.Дене тәрбиесі** **Кіріспе бөлім:** Аяқты жан-жаққа қою, басты төмен иіп, тізені ұстау. Бұл қимыл арқа мен бел бұлшықеттерін шынықтырады. **Негізгі қимыл:** Арқан бойымен қосалқы қадам жасап жүру. Балалар үйлесімді қозғалысқа дағдыланады. **Ырғақтық жаттығу:** Иықпен қимылдау, әуен ырғағын сезіну. **Ұлттық ойын:** «Айгөлек». Ән айту арқылы қимыл үйлестіру қабілеті дамиды. **Сауықтыру шарасы:** Серуен кезінде тыныс алу жаттығулары.	көңіл күйін ажырату: «бұл ән көңілді ме, әлде тыныш па?» деп сұрау. **Ән айту** Педагогпен бірге «ла-ла», «ма-ма» сияқты буындарды бірдей қарқында, жұмсақ дауыспен айту. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар** Әуен ырғағымен бірінің артынан бірі тізбектеліп жүру. **Аспаппен ойнау** Балаларды сылдырмақпен таныстыру, дыбыстың шығуын тыңдату, қарапайым қағып көру. **Қоштасу кезеңі** Тыныш әуен қосып, балалармен бірге қоштасу. **2.Дене тәрбиесі** **Кіріспе бөлім:** Балалар аяқ ұшына көтеріледі, аяқтарын алға қояды. Бұл жаттығу аяқ бұлшықеттерін шынықтырады, қимылға дайындайды. **Негізгі қимыл:** Көлбеу тақтай бойымен жүреді. Балалар тепе-теңдікті сақтауды үйренеді. **Ырғақтық жаттығу:** Қолды көтеріп-түсіру, музыка ырғағына			ың бойымен жүру. Балалар тепе-теңдікті сақтауға машықтанады. **Ырғақтық жаттығу:** Музыкаға сәйкес қол шапалақтау. **Ұлттық ойын:** «Қуырмаш». Саусақ қимылдарын дамытуға көмектеседі. **Сауықтыру шарасы:** Қолды суық сумен шаю.

		сәйкес қадам жасау. Әуенді сезінуге тәрбиелейді. **Ұлттық ойын:** «Ақ серек, көк серек». Балалар бірігіп әрекет етуді, ұйымшылдықты меңгереді. **Сауықтыру шарасы:** Мұрынмен дем алып, ауызбен шығару жаттығулары. Тыныс алу жүйесін жетілдіреді.			
	«Менің анам» **Коммуникативтік дағдылар,тіл дамыту, көркем әдебиет**– «Анашым» өлеңін жаттау, ана туралы әңгіме **Қазақ тілі** – А, Ә дыбыстарымен сөздер айту, санамақ **Танымдық әрекет, математика негіздері**– «Көп және біреу» ойыны (ананың бір бас киімі, көп ыдыстары) **Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру** – «Анамның еңбегі» тақырыбында әңгіме	«Менің әкем» **Коммуникативтік дағдылар,тіл дамыту, көркем әдебиет**– Әке туралы әңгіме, мақал-мәтелдер **Қазақ тілі** – Ө дыбысы бар сөздер айту **Танымдық әрекет, математика негіздері**– «Ұзын-қысқа» салыстыру (әкенің таяғы мен баланың таяғы) **Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру** – «Әкемнің жұмысы» туралы әңгімелеу	«Ата-әжем» **Коммуникативтік дағдылар,тіл дамыту, көркем әдебиет**– «Әжемнің ертегісі» әңгіме **Қазақ тілі** – Қ, Ғ дыбыстарымен сөздер айту **Танымдық әрекет, математика негіздері**– «Бір де біреуі жоқ» ойыны (қораптағы бауырсақ) **Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру** – «Әже дастарқаны», «Ата кеңесі»	«Аға-әпкем» **Коммуникативтік дағдылар,тіл дамыту, көркем әдебиет**– «Әпкем қуыршақ ойнайды» әңгіме, тақпақ **Қазақ тілі** – Л, М дыбыстарымен сөздер айту **Танымдық әрекет, математика негіздері**– «Бір-бірден» ойыны (әр балаға бір ойыншық) **Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру** – «Аға спортпен шұғылданады, әпке қуыршақ ойнайды»	«Менің отбасым» **Коммуникативтік дағдылар,тіл дамыту, көркем әдебиет**– «Менің отбасым» тақырыбында әңгіме құрастыру **Қазақ тілі** – С, З дыбыстарын бекіту **Танымдық әрекет, математика негіздері**– «Көп – аз» ойыны (дастарқан басындағы ыдыстар) **Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру** – «Біздің отбасымыз – бірлік» тақырыбы
Екінші таңғы ас	Балалардың бойына «Тазалықтың досы – су» - дегенді бойларына сіңіре отырып ас ішпес бұрын қолдарын жуу керектігін ескерете отырып қолдарын жууға алдымен қыздарды, одан кейін ұл балаларды қатар бойынша қолдарын жууға бағыттау. Таңғы асқа отырғызу, асты ішуді бастамас бұрын дастарханда дұрыс отыруларын, екі жеңдерін жақсылап көтеру керектігін, орындықта отыра білулерін қадағалап, тәрбиешінің ас мәзірімен таныстыруын күтуге, тамақтану мәдениетін сақтауға үйрету. **өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту**				

Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотористі дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру**	
Серуен	**Картотека №10** **Бақылау:** Жәндіктерді бақылау. **Мақсаты:** Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады?Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр. «Қыстың қамын жаз ойла». **Еңбек**: Біздің алаң. **Мақсаты:** Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету. **Жеке жұмыс: Тыйым сөздерді жаттату.** **Мақсаты:** «Суға түкірме «, «Нанды баспа», «Дастархан басында кекірме» т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру. **Қимылдық ойын: «Итеріспек»** **Ойын барысы:** Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады.Егер бір аяқпен секіріп жүріп , екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені. Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені.Ойын жалғаса береді. **Балалардың өз бетімен ойнауы:** 1. Тығылыспақ. 2. Тартқышқа тартылу. 3.Допты қуалау. **Қимыл ойын:** Құстар мен мысық **Мақсаты:** Балалардың ептілігін дамыту, жылдам жүгіруге үйрету.	**Картотека №11** **Бақылау:** Күнді бақылау. **Мақсаты:** Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. **Қимылдық ойын: «**Таяқшадан аттап өт», «Қуаласпақ» **Мақсаты:** Жылдамдыққа , ептілікке баулу**.** **Еңбек:** Гүл шоғы. **Мақсаты:** Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау. **Жеке жұмыс:** Е.Өтетілеуұлы . «Бағдаршам» **Мақсаты:** Бағдаршаммен таныстыру.Жолда жүру ережелерін түсіндіру. **Е.Өтетілеуұлы «Бағдаршам»** Сақта көше тәртібін Бағдаршамның ал «тілін» Біліпт алдым мен де: Жасыл жанса, демде Алға кетем лезде. Сары жанса , сабыр Сақтай тұрам әзір. Жанса қызыл шоқтай, Қаламын кілт тоқтай. **Қимылдық ойын:** «Үрпек төбет» **Мақсаты:** Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа , батылдыққа тәрбиелеу**.** **Ойын барысы:** Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол ортада отырады.Қалған балалар оған жай ғана жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді: Алдыңғы екі аяққа басын сұғып, Әнекей жалбыр төбет жатыр сұлық, Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып, Момақан, сырт пішіні жуас салғырт Ояталық жақындап барайық та, Қайтер екен содан соң-қарайық та. Төбет орынан ұшып тұрып үре бастайды.Балалар қаша жөнеледі.Төбет оларды қуа жөнеледі.Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады.Төбет қайтадан ортаға отырады .Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады. **Балалардың өз бетімен ойнауы:** **1.**Төбешіктен-төбешікке секір. **2. Күн мен бұлт**

	Барысы: Балалар құс болып алаңда жүреді. «Мысық келді!» дегенде қаша жөнеліп, белгіленген орынға тығылады. Мысық рөліндегі бала құстарды ұстайды.	**Мақсаты:** Кеңістікті бағдарлауды, қимылды шапшаң орындауды үйрету. **Барысы:** «Күн шықты!» дегенде балалар қолдарын көтеріп қуанады, «Бұлт келді!» дегенде еңкейіп, жерге жатады. **Тренинг: «Күн шуағы».**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**	
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру**	
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**	
Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту.**Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Картотека №5** *Түс мезгілі, түс мезгілі. Балапандар ұйқыға кірісті. Балапандар көреді түсті, Ғажайып сиқырлы әлемді. Балалар ұйқыдан оянады.* Тәрбиеші: *Көзімізді ашайық, Бойымызды жазайық. Қолымызды созайық, Жаттығулар жасайық.* Жалпы жетілдіру жаттығуы: 1. Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады. 2. Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму. 3. Балалар төсекте жатып, велосипед тебу. 4. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ - қолды созу. 5. Балалар төсекте отырып, бір - біріне қарап сәлемдесу. Тәрбиеші: Балалар кәне шеңбер құрайық. Тыныс алу жаттығуы: Ку - ка - ру, ку - ка - ри – ку, ку - ка - ри - ку. Табанды шынықтыру массаждары: 1.«Балапандар серуенге шықты» шық - шық - шық.	

	2. Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен жүру. 3. Ілгекті жолмен жүру. 4. Тастардың үстерімен жүру. 5. Кірпі тікенектеріне ұқсас төсеніштермен жүру. 6. Табандар арқылы жүру. Балалар енді беті - қолымызды жылы сумен жуып, сүлгімен сүртінейік. Балалар кәне жарты шеңберге тұрайық. Қол ұстасып тұрайық, Шеңберді біз құрайық. Көріскенше күн жақсы, Сау - саламат болайық.				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Балалардың дербес іс-әрекеті	**Құрастыру** – Құрылыс материалдарынан «үй» құрастыру **Сурет салу** – «Менің анам» бейнесі (тік және көлденең сызықтар пайдалану) **Мүсіндеу** – Ермексаздан «гүл» жасау **Жапсыру** – Дайын пішіндерден «Анамның көйлегі» бейнесін құрастыру **Шығармашылық әрекеттер**	**Вариативный компонент.** **Құрастыру** – «Әкенің машинасы» кірпіштерден **Сурет салу** – «Әкем жұмысқа барады» **Мүсіндеу** – Ермексаздан «доп» жасау **Жапсыру** – «Әкенің галстугі» дайын пішіндерден **Шығармашылық әрекеттер**	**Құрастыру** – «Әженің пеші» кірпіштерден **Сурет салу** – «Ата-әжем бізге қонаққа келді» **Мүсіндеу** – Ермексаздан «бауырсақ» жасау **Жапсыру** – «Әжемнің орамалы» **Шығармашылық әрекеттер**	**Құрастыру** – «Ағаның футбол добы» – шардан **Сурет салу** – «Әпкем қуыршақ ойнайды» **Мүсіндеу** – Ермексаздан «қуыршақтың басын» жасау **Жапсыру** – «Әпкенің көйлегі» **Шығармашылық әрекеттер**	**Құрастыру** – «Отбасы үйі» кірпіштерден **Сурет салу** – «Менің отбасым дастарқан басында» **Мүсіндеу** – Ермексаздан «жемістерді» жасау **Жапсыру** – «Отбасы суреті» – дайын пішіндерден **Шығармашылық әрекеттер**
Балалармен жеке жұмыс	түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі қасиеттері бойынша салыстыруды үйрету	қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтуды үйрету	қағаз бетіне бояулармен сызықтар, жақпалар салуды үйрету	оқылған шығармадағы жекелеген сөздерді қосылып қайталап айтуды үйрету	педагогтің көмегімен шағын тақпақтарды қайталап айтуды үйрету
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету				

	Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру	
Серуен	**Картотека №10** **1.**Төбешіктен-төбешікке секір. **2. Күн мен бұлт** **Мақсаты:** Кеңістікті бағдарлауды, қимылды шапшаң орындауды үйрету. **Барысы:** «Күн шықты!» дегенде балалар қолдарын көтеріп қуанады, «Бұлт келді!» дегенде еңкейіп, жерге жатады. **Тренинг: «Күн шуағы».**	**Картотека №11** 1. Тығылыспақ. 2. Тартқышқа тартылу. 3.Допты қуалау. **Қимыл ойын:** Құстар мен мысық **Мақсаты:** Балалардыңептілігін дамыту, жылдам жүгіруге үйрету. **Барысы:** Балалар құс болып алаңда жүреді. «Мысық келді!» дегенде қаша жөнеліп, белгіленген орынға тығылады. Мысық рөліндегі бала құстарды ұстайды.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**	
Балалардың үйіне қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут**	

Тексерілді: Бердалиева

Ұсыныс: Ұлттық ойындарды жиі түрде ұйымдастыру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
Топ: «Балдырған» ортаңғы топ
Жоспардің құрылу кезеңі: (06.10.2025ж - 10.10.2025ж 2 апта)
Қазан: Тәуелсіздік және отаншылдық айы
Апта дәйек сөзі «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!» (әңгімелесу) Адал Азамат БТБ
Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы
Тәрбиешілер: Тукушова Л.К , Морланг К.В

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 06.10.2025 ж**	**Сейсенбі 07.10.2025 ж**	**Сәрсенбі 08.10.2025ж**	**Бейсенбі 09.10.2025ж**	**Жұма 10.10.2025ж**
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі				
Ата-аналармен немесе баланың заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Серуен	Картотека №9 «Күн мен жел» **Міндеті:** Табиғи құбылыстарды тану және қимылды басқару. **Шарты:** «Күн шықты!» десе балалар жүгіреді «жел соқты!» десе айналып қозғалады.		Картотека №10 Көңілді айналма» **Міндеті:** Бірлескен қозғалысты дамыту көңіл-күйді көтеру. **Шарты:** Балалар шеңбер жасап айналып жүреді. «Тоқта!» дегенде бәрі қатып қалады «жүгіру!» десе шеңбер бойымен жүгіреді		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу өлеңдер әндер жаңылтпаштар санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйіне қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі жетістігі іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім аяқ киім қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут**				

Тексерілді: Бердашевтова

Ұсыныс: баланың жеке ерекшелігін ескеріп жазу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Топ: «Балдырған» ортаңғы топ

Жоспардің құрылу кезеңі: (01.12.2025ж - 05.12.2025ж 1 апта)

Желтоқсан «Тәуелсіздік және Отаншылдық» айы Отан, ел, туған өлке туралы білу (әңгімелеу) **БТБ**

Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу

Мемлекеттік тілді білу

Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу

Табиғатқа қамқорлық таныта білу

Тәрбиешілер: Тукушова Л.К , Морланг К.В

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 01.12.2025 ж**	**Сейсенбі 02.12.2025 ж**	**Сәрсенбі 03.12.2025ж**	**Бейсенбі 04.12.2025ж**	**Жұма 05.12.2025ж**
Балаларды қабылдау	Балалардыжылықарсыалу, ата-аналарыменамандасу Балалардыңсыртқыкелбетін, денсаулықжағдайынбақылау (көңіл-күйі, тазалығы, денетемпературасы, т.б.) Ата-аналарданбаланыңденсаулығытуралықысқашаақпараталу Балалардыжеке-жекеойынғабағыттау, таңғытынышойындардыұйымдастыру Әлеуметтікқарым-қатынасындамытуғажағдайжасау (құрдастарыменамандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздіктіқамтамасызету (заттарындұрысорнынақою, тәртіпсақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардыңпедагогикалықмәдениетінарттыру; әртәрбиеленушіңіңотбасыменәріптестікқарым-қатынасынорнату; балалардыдамыту мен тәрбиелеуүшінотбасы мен МДҰ-ныңкүш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерініңқарым-қатынасынаоңкөзқарас, ортақмүдделер, өзаратүсініскатмосферасынқұру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы	Табиғат бұрышындағы гүлдерге су құюға көмектесіп бақылау. **Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар,экологиялық тәрбие**	Оюларды сәйкестендір Балалар дың есте сақтау қабілетін дамыту,ұлттық құндылықты насихаттау.**Бір**	«Түстері ата». Шарты: балалар кубиктерді алып орналастырады,олардың түстері қандай екенін атайды.**Танымдық**	«Анасын табуға көмектес». Шарты: малдың төлдерін анасының жанына орналастырады. **Әлеуметтік-эмоционалды**	Музыка тыңдау шаттану. Табиғат бұрышындағы гүлдерге су құюға көмектесу.**Шығармашылық,әлеуметтік дағдылар**

басқа әрекеттер)		**тұтас тәрбие**	**дағдылар,математика негіздері**	**дағдылар.қоршаған әлеммен таныстыру**	
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату Гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Желтоқсанайына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылғаніс-әрекеткепсихологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Қазақ тілі** **«Туған өлкем»** **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** «Ө» дыбысын анықайту (өлке, өзен). Сөзді тыңдап түсіну. **Сөздік қор:** Өлке, өзен, ауыл, үй, көше. **Грамматикалық құрылым:** Жуан-жіңішке сөздерді ажырату: *ауыл – жуан, өрік – жіңішке.* Көпше түр: *үйлер, көшелер.* **Байланыстырып сөйлеу:** Сурет бойынша сөйлем: «Бұл — ауыл»,	**Музыка** «Музыкалық ойыншықтар әлемі» Ұйымдастыру кезеңі Балаларды шеңберге тұрғызу. Музыкалық амандасу әуені – шапалақпен ырғақ ұстау. Музыка тыңдау Тәрбиеші әр аспапты жеке қағып, балалардан «қай аспаптың үні?» деп сұрайды. Қысқа музыкалық үзінді аспап дыбыстарымен тыңдату.			**Дене тәрбиесі** **Жалпыдамытушыжаттығулар** Отырғанкүйдеаяқтардыкезекпенбүгужәне жазу. Бастытөмениіп, тізеніұстаптұру. Омыртқажәнеарқабұлшықеттерінеарналғанжеңілсозылужаттығулары. **Негізгіқимыл** Заттардыайналыпеңбектеужәнеолардыңарасыменөту. Еңбектеубағытыналғ

	«Біздің үй үлкен». **Ойын: «Менің үйім қайда?»** Балаларға үй, көше, ауыл суреттері беріледі. Педагог сөзді атайды – бала тиісті суретті көрсетеді. **Дене тәрбиесі** **Ж д ж.** Қолды жоғары көтеріп, айналдыру; иықты алға-артқа бұру.Тізені бүгу және жазу, басты жайлап иіп, денені айналдыра бұру.Кеуде мен белге арналған созылу жаттығулары.**Негізгі қимыл** Арқанның астымен еңбектеу (биіктігі 40 см).Тура сызық бойымен тепе-теңдік сақтап жүру.Қиындатылған тапсырма ретінде еңбектеу бағытын өзгерту.Қимылды ойын«Түн мен күн» — «күн» дегенде балалар жүгіреді, «түн» дегенде тоқтапотырады.Ойын есту реакциясын, жылдам бағдарлану қабілетін жетілдіреді. Шынықтыру элементі Қол мен аяқ бұлшықеттеріне жеңіл уқалау.«Гүлді иіскеу» тыныс алу жаттығуы — мұрынмен терең дем алу.«Шамды сөндіру» — ауыз арқылы баяу дем шығару.Өзіне-өзі қызмет көрсетуЖаттығудан кейін киімін ретке келтіру.Майлықпен терін сүрту және жеке заттарын	Ән айту Қарапайым, көңілді ән. Сөздерді анықайтуға үлгі көрсету. Балаларға соңғы сөздерді қосып айтуға мүмкіндік беру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Қимылдарды музыка басталғанда бастап, аяқталған кезде тоқтауға үйрету: – қолды жоғары көтеру – оңға-солға бұрылу – шапалақ Музыкалық аспаптарда ойнау Сылдырмақ пен барабанды кезекпен қолдану. Қарапайым ырғақты қағып ойнау: дун-дун, ш-ш-ш. Қоштасу кезеңі **Дене тәрбиесі** **Ж д ж.** Қолды алға және екі жаққа созып, алақандарын жоғары қаратып, көтеру және түсіру. Саусақтарды ашып-жұму, шапалақтау. Қол бұлшықеттерін қыздыратын айналмалы қимылдар, кеуде тұсын ашатын қозғалыстар. **Негізгі қимыл** 4–6 метр қашықтыққа			а, оңға, солғаөзгерту. Төрттағанқалыптаарт қаеңбектеудіқосу. **Қимылдыойын** «Жүгір – тұр!» — белгібойыншажүгіру жәнедереутоқтау. Ойынептілік, зейінжәнеқимылдәлдігіндамытады. **Спорттықжаттығу** Таянышқасүйеніп, аяқтыңұшыменкөтерілужәнесозылу. Тепе-теңдіктісақтап 5–8 секунд тұру. Балалардыңбойынтүзетугеарналғансозылу қимылдары. **Салауаттыөмірсалты** «Денеміздішынықтырамыз» аттықысқаәңгіме: Дұрыстынысалу, қозғалыстыңденсаулыққапайдасытуралытүсіндіру. Жеңілтынысалужаттығуларыменаяқтау.

	жинастыру.Тәртіп пен тазалық сақтау жайлы шағын түсіндіру.	тура бағытта еңбектеу. Кедергілер арасымен еңбектеп өту, белгіленген сызық бойымен қозғалу. Еңбектеу кезінде тоқтау — жалғастыру дағдыларын дамыту. **Қ-ы ойын** «Кім тез еңбектейді?» — балалар белгіленген жолмен еңбектеп, «мәре» сызығына бірінші жетуге тырысады. Ойын шапшаңдықты, ептілікті және жарысу дағдысын дамытады.			
	«Қыс қонаққа келді» **Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет әрекеті:** Балалармен қыс мезгілі туралы әңгімелесу. Қыс мезгіліндегі табиғат өзгерістерін бақылау. Сөздік қорды кеңейту: қар, мұз, боран, суық, жылы. Ә. Дүйсенбиевтің «Қыс» өлеңін тыңдау, мақал мағынасын талдау. *Дәйек сөз кіріктіріледі: «Қыс қатты болса, малға жайлы»* — балалар қыс мезгілінің табиғатқа, адамдар мен жануарларға әсерін өз ойларымен жеткізеді. **Танымдық дағды, математика негіздері**	«Қардың әуені» **Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет әрекеті:** Қар ұлпасы туралы қиял әңгіме: “Қар сөйлей алса не дер еді?”. Жаңа сөздермен жұмыс: боран, мұз, сырғанақ, тоңады. Қысқы дыбыстарды естіп, оларды сөзбен бейнелеу. **Танымдық дағды, математика негіздері әрекеті:** Заттарды өлшеміне қарай салыстыру (үлкен – кіші). Мұз бен қардың	«Қысқы ертегілер елі» **Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет әрекеті:** Балалар қыс туралы өзертегілерін құрастырады “Аққала мен боранның достығы” Қысқы кейіпкерлердің мінезін сипаттау. М. Әлімбаевтың «Қар» өлеңін тыңдап, мәнерлеп айту. **Танымдық дағды, математика негіздері әрекеті:** Геометриялық пішіндерден сурет	«Қысқы ойындар мерекесі» **Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет әрекеті:** Балалар қысқы ойындар туралы әңгімелейді: шаңғы тебу, шанамен сырғанау, қарлақтыру. Тақпақтар мен өлеңдерді жатқа айту. Қысқы сөздерді сөйлем ішінде қолдану. **Танымдық дағды, математика негіздері әрекеті:** Кеңістікте бағдарлау:	«Аққала мен достары» **Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет әрекеті:** Апта бойы үйренген сөздерді қайталау, қыс туралы әңгіме құрастыру. Өлең оқу, мақалдың мәнін еске түсіру. “Аққала не айтады?” ойыны арқылы диалог құрастыру. **Танымдық дағды, математика негіздері әрекеті:** Уақыт бөліктерін ажырату: таңертең – күндіз – кеш – түн.

	әрекеті: Қар кесектерін санау«Көп – аз» ұғымдарын бекіту. Пішіндермен танысу: дөңгелек – қар ұлпасы, үшбұрыш – шырша.	қасиеттерін бақылау, “қайсысы қатты?” тәжірибесі.	құрастыру (шырша, күн, қар ұлпасы). Санау, салыстыру арқылы ойлау дағдыларын дамыту.	жоғары–төмен, оң–сол, алдында–артында. Заттарды ұзындығына қарай салыстыру (шаңғы – қысқа шана).	Санап, реттік нөмірлеу: бірінші, екінші, үшінші қар ұлпасы.
Екінші таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту.				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Картотека №1** Маусымдық өзгерістерді бақылау Мақсаты: —Қыс басындағы табиғаттағы өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру (күн қысқарады, түн ұзарады); —Қыс мезгілінің басындағы қысқа тән белгілерді көре білу және өлең жолдарынан таба білу. Бақылау барысы: Көркем сөз Желтоқсан - қыстың алғашқы айы. Қоңыр бұлт астынан күн әлсіз сығалайды. Сондықтан да қысты «тұнжыр қыс деп атайды». Күн қысқа, түн ұзақ, бұл айда күн көзі сирек көрінеді. Желтоқсанда түнде қатты аяз болады, өзендер мен көлдерде қалың мұз қатады. Балаларға сұрақтар: ♦желтоқсан айы қай айдан соң келеді? ♦қараша айына қарағанда балабақша ауласында қандай өзгерістер болды? ♦Күз мезгілімен салыстырғанда адамдар		Картотека №2 Бақшаны бақылау Мақсаты: —қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру; —зерттеу қызметіне деген қызығушылықта-рын арттыру. Бақылау барысы Көркем сөз . Далада қар борайды, Ақ мамыққа орайды. Мұз болады қатады, Жып-жылтыр болып жатады. Аралайды бақшаны, Үзілмейді жақсы әні. Гүлденеді бақшалар, Жауса-жаусын ақша қар. ♦Қыстың келуімен бақшалықта қандай өзгерістер пайда болды? ? (барлық жерді қар басты.) ♦ өсімдіктер үшін қардың қандай пайдасы бар? (аяз бен желден сақтайтын «көрпе») ♦бақшалықта қар көп болса, ол-жақсыма, жаман ба? (жақсы, себебі жерде ылғал мол болады) ♦Қар бақшалықтың барлық бөлігінде тегіс жата ма? (жоқ, тегіс жерлерде бірыңғай болады, ал биік жерлер мен ылди жерлерде әртүрлі жиналады)	

	киімінде қандай өзгерістер пайда болды? ♦Біздің ауладан қыс белгілерін іздеп табыңдар? Еңбек Ағаштар түбін қармен көму.. Мақсаты: тірі табиғатқа деген көмек көрсету ықыласын арттыруға тәрбиелеу.. Қимылды ойындар: Қар лақтырып ойнау Мақсаты: затты лақтыру дағдыларын бекіту. Бір аяқпен секіру. Мақсаты: тепе-теңдікті сақтауға баулу. Жаттығу ойындары: Қозғалыстарын дамыту. Мақсаты: тепе-теңдікті сақтап қозғалыс жасағанда өз-өзін сақтандыруға үйрету. Халық болжамы: - Егер тауық ерте қонақтаса, аяз болады.	♦Қар ғимарат жанында көп жинала ма, әлде орталықта ма? (ғимарат жанында) ♦неліктен? (соққан жел орталықтағы қарды ғимарат жанына ысырады.). Зерттеу жұмысы Бақшаның әртүрлі бөлігіндегі қар қалыңдығын қар өлшеуіш құралмен өлшеу.. Еңбек: қардан құрлыс тұрғызу Мақсаты: қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету; —Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Қимылды ойындар: «Қу түлкі». Мақсаты: балаларды байқампаздыққа, алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау. Жаттығу ойындары: «Нысанаға тигіз». Мақсаты: көз мөлшерін және лақтыру күшін дамыту.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**	
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**	
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотормканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**	
Біртіндеп ұйқыданояту, Сауықтыру шаралары	**Біртіндепояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар. Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзіқызметету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотормканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:**	

	Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнынаілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Балалардың дербес іс-әрекеті	**Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:** Қыс мезгіліндегі адамдар еңбегімен танысу (қар тазалау, киім тігу). Жылы киімнің пайдасы, киім кию мәдениеті туралы әңгіме. **Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру әрекеті:** Сурет салу – “Қар жауып тұр” (ақ және көк түстермен). Жапсыру – Мақта арқылы қар ұлпаларын бейнелеу	**Вариативный компонент.** **Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:** Құстарға қамқорлық жасау туралы әңгіме (“Қысқы достар”). Балалармен бірге жем салғыш үлгісін көрсету. **Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру әрекеті:** Мүсіндеу – “Қар ханшайымы” бейнесі. Құрастыру – “Қар ұлпасының сарайы”. Жапсыру – Қар ұлпаларының биі (жырту әдісімен).	**Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:** Қысқы ормандағы жануарлардың тіршілігі: қоян, аю, түлкі. “Қыста жануарлар не істейді?” тақырыбында талқылау. **Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру әрекеті:** Сурет салу – “Қарлы орман”. Мүсіндеу – Аққала. Құрастыру – Шырша мен үйшіктер. Жапсыру – Ағаштарға қар жапсыру. **Зерттеу:«Суды қалай сыртқа шығаруға болады?»**Заттар суға батырылған кезде су деңгейі көтеріледі деген түсінік қалыптастыру. Ойлау процестерін, ұсақ моториканы дамыту, сөздікті белсендіру (шеті, көтерілуі, құлауы, жоғары, төмен). Өзіңіздің және жақындарыңыздың Жұмысына деген позитивті қатынасты тәрбиелеу.	**Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:** Қысқы серуен кезіндегі қауіпсіздік ережелерін бекіту. Достық пен ұйымшылдық жайлы әңгіме (“Бірге ойнау – қызық”). **Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыруәрекеті** Сурет салу – “Шанамен сырғанау”. Мүсіндеу – Балалар ойнап жүрген көрініс. Құрастыру – Шаңғы Немесе шана үлгісі.	**Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:** Қысқы табиғатты қорғау туралы әңгіме (“Қар астында өмір бар”). Құстар мен жануарларға қамқорлық көрсету үлгісі. **Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру әрекеті:** Мүсіндеу – “Аққала мен достары” (ұжымдық жұмыс). Жапсыру – Шырша мен қар ұлпалары. Сурет салу – “Қыс қымереке”. Құрастыру – Қысқы ойын алаңының макеті.

Балалармен жеке жұмыс	теңжәне тең емес заттартобын салыстырып ажыратуды машықтандыру.	бір-бірімен, ересектермен сөйлесуді үйрету.	өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеуді машықтандыру.	тұратын қаласы мен ауылы туралы айтуды үйрету.	тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылығын үйрету.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	*«Қар жинаймыз»* **Міндеті:** Балаларды ептілікке, ұйымшылдыққа баулу. **Шарты:** Балалар шашылған ақ қағаздар мен мақталарды «қар» деп елестетіп, шелектерге жинайды. Кім көп жинаса — сол жеңімпаз.	*«Қояндар мен қасқыр»* **Міндеті:** Жылдам әрекететуге, қашып құтылуға үйрету. **Шарты:** Бір бала – «қасқыр», қалғандары – «қояндар». «Қасқыр келді!» дегенде қояндар орындарына тығылады.	*«Кім тез тығылады?»* **Міндеті:** Зейін мен шапшаңдықтыдамыту. **Шарты:** Балараулада ойнапжүреді. Тәрбиеші «жасырын!» дегенбелгі берсе, әркімөз «үйшігіне» жүгіріп барып жасырынады	*«Аю оянды»* **Міндеті:** Қимылбелсенділігінарттыру. **Шарты:** Бір бала – «аю». Ол «ұйықтап» жатады. Тәрбиеші «аюоянды!» десе, балалар жан-жаққа қашады.	*«Қарлақтырамыз»* **Міндеті:** Дәлдік пен көзмөлшеріндамыту. **Шарты:** Балалар қағаздан жасалған қарларды шелектегі нысанаға лақтырады. Кім дәл тигізсе, сол жеңімпаз.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардыата-анасынажылықарсыалып, тапсыру.Ата-аналарғабаланыңкүнішіндегікөңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекетітуралықысқашаақпаратберу.Балалардыңжекезаттарын (киім, аяққиім, қолөнержұмыстары) дайындапберу.Ата-анамен бала тәрбиесінебайланыстықысқакеңесберу.Балалардыңқауіпсіздігінқадағалау (ата-анасынанемесесенімдіадамғағанатапсыру). Қоштасудәстүрінқалыптастыру (амандасу, «сауболыңыз» депайту)**Өнегелі 15 минут**				

Тексерді: Бердаулетова

Ұсыныс: Ұсынған әдіснамалар түрінде кіріктіру ұсынылады.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
Топ: «Балдырған» ортаңғы топ
Жоспардің құрылу кезеңі: (08.12.2025ж - 12.12.2025ж 2 апта)
Желтоқсан «Тәуелсіздік және Отаншылдық» айы «Патриотизм - ата-анаңды құрметтей білуің...» Б. Момышұлы (әңгімелеу) А.А.**БТБ**
Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу
Мемлекеттік тілді білу
Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу
Табиғатқа қамқорлық таныта білу
Тәрбиешілер: Тукушова Л.К , Морланг К.В

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 08.12.2025 ж**	**Сейсенбі 09.12.2025 ж**	**Сәрсенбі 10.12.2025ж**	**Бейсенбі 11.12.2025ж**	**Жұма 12.12.2025ж**
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, денетемпературасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; Әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; Балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым- қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Шаш өру" ойыны Балалардың қол моторикасын және зейінін дамыту, ұлттық дәстүрлерді үйрену.**Біртұтас тәрбие**	Біз суретшіміз» Кітап боямақтарын бояу, мозаикалармен және т.б. ойындар. Балалардың тату ойнауларын дамыту.**Шығармашылық дағдылар**	Қимылды ойын «Жасырынбақ» Балаларды шапшаң болуға үйретеді.**Дене тәрбиесі**	Балаларға пластикалық ыдыстан ұя жасауды үйрету«Құстарға қамқорлық» **Экологиялық тәрбие**	Қ /о «Мекен мен балапандар» Ит мысық туралы не білетіндерін сұрап, пысықтау. **Дене тәрбиесі**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» Гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату Гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Гимн кезінде балалардың				

	бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылғаніс-әрекеткепсихологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Қазақ тілі** «Астана» **Сөйлеудіңдыбыстықмәдениеті:** «А» дыбысы бар сөздерді тыңдау және айту: *Астана, алаң, автобус*. **Сөздікқор:** Астана, үй, алаң, көпір, қала. **Грамматикалық құрылым:** Бұйрық рай: *көрсет, айт, кел*. Көпше түр: *қалалар, алаңдар*. **Байланыстырып сөйлеу:** Қарапайым сөйлемдер: «Астана — әдемі қала», «Көпір биік». **Ойын: «Астанаға саяхат»** Суреттер арқылы балалар автобуспен «Астанаға барады». Педагог: «Алаңды көрсет», «Қаланы тап» деп нұсқау береді. **Дене тәрбиесі**	**Музыка** **«Аспаптардың дыбысын танимын»** **Ұйымдастыру кезеңі** Балаларды топтастыру, көңілді сергіту қимылы. **Музыка тыңдау** Барабан, сылдырмақ, металлофонның дыбысын кезекпен тыңдату. Балалар дыбысты естігенде сәйкес суретті көтереді (аспап суреттері). **Ән айту** Әннің көңілді сипатын жеткізу. Балаларды әнді созып, ойнақы айтуға үйрету. **Музыкалық-ырғақтыққозғалыста**			**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар** Жартылай отырып, қолмен тізені ұстау. Басты төмен иіп, оңға-солға сермеу. Арқа мен белге арналған созылу және бұрылу жаттығулары. **Негізгі қимыл** 1,5 м биіктіктегі саты бойымен өрмелеу және түсу. Екі қолмен нық ұстап, қадамдарды ретпен орындауға үйрету. Тепе-теңдік пен батылдықты дамыту. **Қимылды ойын** «Жел мен бұлт» — балалар «жел» дегенде айналады, «бұлт»

	Ж д ж. Шалқасынан жатып аяқтарды кезекпен көтеріп-түсіру. Аяқ бұлшық еттерін созып-жұмылдыру, белді босату. Ішпен жатып қолды кезекпен созып, денені көтеру жаттығулары. **Негізгі қимыл** 4–6 м туннель арқылы еңбектеу. Балалар бір-бірінің артынан ретпен қозғалады, арақашықтықты сақтайды. Туннель ішіндегі бағдарлау менептілікті дамыту жаттығулары. **Қимылды ойын** «Аю орманға барады» — балалар аю сияқты ауыр қимылмен жүріп, тәрбиеші тоқтатқанда «демалып», отырады. Ойын қимылдың әртүрлі қарқынын меңгеруге және тыңдауға тәрбиелейді. **Шынықтыру элементі** Серуен кезінде жеңіл қозғалыс ойындары. Қармен ойнау, қарды қысып ұстау арқылы қол бұлшық еттерін шынықтыру.	**р** Музыка басталғанда – шапалақтау. Музыка бәсеңдегенде – жүруді тоқтату. Жұппен қарапайым би: – қол ұстасып айналу – екі аяқпен секіру (жеңіл) – бір аяқпен қысқа секіру (тәрбиешінің көмегімен). **Балалардың аспаптарда ойнауы** Барабан мен сылдырмақпен«жылдам–баяу» ритмінойнау. 2 соққы – үзіліс – 2 соққы. **Қоштасукезеңі** Қол бұлғап қоштасу, тыныш әуен**Дене тәрбиесі** **Жалпыдамытушыжаттығулар** Қолдыжоғарыкөтеру, екіжаққажазу. Алақандардыайналдырып, білезік пен саусақбұлшықеттерінбосату. Омыртқағаарналғанжеңілбұружәнееңкеюжаттығулары. **Негізгіқимыл** Көлбеу модуль бойыменең бектеу. Төмен қойылған			дегенде еңкейіп отырады немесе қолды еркін сермейді. Ойын қозғалы сүйлесімділігін, қиялды және ырғақты сезінуді дамытады.

		кедергінің астынан еңкейіп өту. Еңбектеу барысында денені төмен ұстап, тұрақты қозғалу. **Қимылды ойын** «Қояндар секіреді» — балалар екі аяқпен қатар секіреді, тәрбиеші белгі бергенде тізерлеп отыра қалады. Ойын балалардың секіру қабілетін, ырғақ сезімін және шапшаң реакциясын дамытады.			
	«Ғажайыптар еліне саяхат» **Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет әрекеті:** Балаларға жайып елге сапар шегеді — “Қиял пойызына” міну ойыны арқылы өз қиялындағы елді сипаттайды. Жаңа сөздермен танысу: ғажайып, сиқыр, ел, арман, қиял. Өлең тыңдау: “Қиял қанатында” (мәнерлеп оқу). *Дәйек сөз кіріктіріледі: Ғажайыпты іздесең — жүрегіңнен тап!»* — балалар мақал мағынасын талқылап, өз жүрегіндегі ғажайыпты суреттеп айтады. **Танымдық дағды, математика негіздері әрекеті:** Түстерді ажырату және санау	«Сиқырлы түстердің биі» **Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет әрекеті:** Түстер туралы қиял әңгіме: “Егер аспан күлгін болсаше?”. Өлең оқу: “Түстердің достығы”. Балалар әр түске мінез береді (қызыл – батыл, көк – сабырлы, жасыл – мейірімді). **Танымдық дағды, математика негіздері әрекеті:** Түстер мен пішіндерді сәйкестендіру. Кемпір қосақ түстерін ретімен санау.	«Ертегіге есік ашайық» **Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет әрекеті:** Балалар сүйікті ертегілерін еске түсіріп, “Мен ертегідегі кейіпкер болсам…” деп қиял әңгіме құрастырады. М. Әлімбаевтың “Жақсылық жеңеді” өлеңін оқу. **Танымдық дағды, математика негіздері әрекеті:** Заттардың көлемін салыстыру (үлкен – кіші, ұзын – қысқа). “3 батыр”, “7 күн”, “9	«Жұлдызды ғаламшарда» **Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет әрекеті:** “Менің ғаламшарымда не бар?” тақырыбында шығармашылық сипаттама. Ғарыш, жұлдыз, зымыран, аспан сөздерін үйрету. Өлең оқу: “Жұлдыздарға ұшу”. **Танымдық дағды, математика негіздері әрекеті:** Пішіндерді сәйкестендіру: дөңгелек – планета,	«Арман қанатындағы ғажайыптар» **Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет әрекеті:** Балалар “Арман деген не?” сұрағына жауап береді. “Арман құсы” ойыны – әр бала өз арманына қанат бітіреді. Қысқа ертегі құрастыру: “Менің арманым орындалды!”. **Танымдық дағды, математика негіздері әрекеті:** Пішіндерді сәйкестендіру: жұлдыз – арман, жүрек –

	(қызыл, сары, жасыл, көк, ақ). “Ғажайып пішіндер” ойыны: әртүрлі пішіннен ерекше бейне жасау **Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:** Табиғаттағыға жайыптарды байқау: жаңбыр тамшысы, кемпірқосақ, күннің шуағы. “Күннің күлімдеуі де ғажайып” тақырыбында әңгіме..	**Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:** Түстердің табиғаттағы маңызы: өсімдіктер, гүлдер, аспан, теңіз. “Түстер көңіл-күй сыйлайды” жаттығуы – әр бала өз сезімін түспен көрсетеді.	ғажайып” ұғымдарын қолдану арқылы санау. **Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:** Жақсылық пен зұлымдық ұғымдарын талдау.“Мейірімді іс те ғажайып жасайды” тақырыбында пікір алмасу.	үшбұрыш – зымыран. **Әлеуметтік дағды, қоршаған әлементаныстыру әрекеті:** Ғарышкер мамандығымен танысу.“БіздіңЖер – ғажайып үй” атты әңгіме, экологиялық сана қалыптастыру.	мейірім. **Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:** “Жақсылық жасасаң, ғажайып қайтады” тақырыбында пікір талас. Балалар өздерінің мейірімді істерін айтып бөліседі.
Екінші таңғы ас	Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Картотека №3 Торғайларды бақылау** ***Мақсаты:*** Қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру; Қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз*** ***Торғайларды қорға****. Ө. Ақыпбекұлы* *Шыр-шыр еткен торғайды Кіп-кішкене торғайлар* *Ағаштарды қорғайды. Таспен атып торғайды,* *Ұя бұзған оңбайды. Құс өкпелеп кетеді,* *Бақшамызға қонбайды.* Тәрбиеші балармен әңгімелесу өткізеді. ♦ Біздерде жылы жаққа ұшпай қалған құстарды қалай атаймыз?(қыстап		**Картотека №4 Қардың түсуін бақылау** ***Мақсаты****: Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру;* Қардың түсуі туралы білімдерін молайту; әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу. ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз «Қыс» Т. Молдағалиев*** *Жауа-жауа, қар жауып көп, Шұқырларға толады.* *Иығыңа қонады кеп, Мойныңа да қонады.* *Жауып бітер қарды тосып, Үйіңе де сыймайсың,* *Табиғаттың ақ көрпесін Басуға да қимайсың* **Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды.**	

	қалатын құстар) ♦Қыстап қалатын құстар мен ұшып кететін құстардың қандай айырмашылығы бар? *(қыстап қалатын құстардың мамықтары қалың және тұмсықтары мықты борлады.)* ♦Қыстап қалатын қандай құстарды білесіңдер? *(торғай, қарға, тоқылдақ, сауысқан,кептер)* ♦Торғайлар қыста немен қоректенеді? *(дәндермен, қалдықтармен.)* ♦Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? *(қыста құстарға азық жетіспейді, ал, егер олар тоқ болса аязға тоңбайды.)* ♦Құстарды бақылаған кезде олардың мінез-құлықтарынан нені байқадыңдар?. *(өздерінің азықтарын нан ұсақтары мен қалдықтарды, дәндерді тез табады. Тұмсықтарын қанаттарының астына тығып суықтан қорғанады)* *Торғай, торғай, торғайсың,* *Жақын келіп қонғайсың.* *Жем шашайын тере ғойғ* *Сонда суыққа тоңбайсың.* **Еңбек қызметі** Құстар қонақтайтын, жем шашатын жерді қардан тазалау. *Мақсаты: еңбекке деген ықыластарын арттыру*. **Қимылды ойын** «Нысанаға тигіз». ***Мақсаты:*** *қашып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей білу.* **Жаттығу ойындары** Қимылдарын дамыту	♦Ауа-райы қандай болғанда қар жабысқақ болады? ♦Аяқ астында қар неге сықырлайды? ♦Қар неге ұлпа болады? ♦Айналаға қараңдаршы, қандай әсем көрністерді көріп тұрсыңдар? (айнала аппақ, қар беті тап-таза т.б.) **Зерттеу жұмысы** Ұшып келе жатқан қарды парақ бетіне қондыру, қардың қасиеттерін анықтау (ұлпа, мамық). **Еңбек: өз алаңындағы ағаш түптерін қармен көму.** *Мақсаты: бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту* **Қимылды ойын** «Ыстық-суық». *Мақсаты: тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету* **Жаттығу ойындары** **Қимылдарын дамыту.** *Мақсаты: Қарды алысқа лақтыруға үйрету* ***Халық болжамы: Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады***
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**	
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**	
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы	

	сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотористикалық дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдануы, Сауықтыру шаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту).**Өзіне-өзі қызметету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моторикалық дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Балалардың дербес іс-әрекеті	**Сурет салу:** Балалар гуашьпен «Жүректегі ғажайып» суретін салады. Саусақ ұшымен жүрек пішінді бояп, оның ішіне өз қиялындағы ғажайыпты бейнелейді (жарық, күн, достар). **Мүсіндеу:** Пластилиннен “Сиқырлы тас” мүсінін жасау — оны ерекше өрнекпен безендіреді (ұсақ бұршақ, моншақпен). **Жапсыру:** Түрлі түсті қағаздан “Арман қанаты” жапсыру — әр бала өз қанатына бір жылы сөз жазады (“мейірім”, “жақсылық”). **Құрастыру:** Конструктор немесе кубиктерден “Сиқырлы қақпа” тұрғызу – бұл қақпаға жайып әлемге жол ашатынын елестету.	**Вариативный компонент.** **Сурет салу:** “Сиқырлы бояулар билейді” – балалар акварельмен шеңбер ішіне түстерді еркін араластырып, қиялдағы түстер биін салады. **Мүсіндеу:** Түрлі түсті пластилиннен “Түстер патшалығындағы шарлар” жасап, оларды топтық композицияға біріктіреді. **Жапсыру:** Қағаздан “Кемпірқосақ әлемі” жасау – түрлі түсті жолақтарды бір-бірімен желімдеп, аспан көрінісін жапсырады. **Құрастыру:** Конструкторлардан “Түстер сарайын” тұрғызу (әр	**Сурет салу:** “Менің ертегі әлемім” — балалар өз ойындағы сиқырлы орманды, сарайды немесе батырды бояулармен салады. **Мүсіндеу:** Пластилиннен “Ертегі кейіпкерін” (батыр, пері, айдаһар) жасау. Мүсінді аяқтаған соң балалар оны сипаттап әңгімелейді. **Жапсыру:** Түрлі түсті қағаздардан “Ертегі сарайын” қиып, терезе, есік, мұнара жапсырады. **Құрастыру:** Кубиктер мен блоктардан “Сиқырлы орман” тұрғызу (ағаштар, көпір, үйшік элементтерімен).	**Сурет салу:** “Жұлдызды аспанастында” – қара фонға ақ, көк, сары бояумен шашырату әдісі арқылы жұлдыз бейнелеу. **Мүсіндеу:** Пластиллиннен “Зымыран” немесе “Ғарыш кемесі” жасау. **Жапсыру:** Дөңгелек түсті қағаздардан “Ғаламшарлар жүйесі” құрастыру. **Құрастыру:** Конструктордан “Ғарыш станциясы” тұрғызу (зымыран, ғарышкер, ай беті элементтерімен).	**Сурет салу:** “Менің арман әлемім” – бала өз арманының бейнесін салады (ұшып бара жатқан құс, күн, қала, отбасы). **Мүсіндеу:** “Арман құсы” – түрлі түсті пластилин мен қауырсындар қолдану. **Жапсыру:** Түрлі түсті жүрекшелерден “Мейірім бағы” композициясын жасау. **Құрастыру:** Ұжымдық жұмыс – “Бақыт қаласы”: балалар әр түрлі материалдан (конструктор, қорапша, қағаз) қалатұрғызып, оны “арман мекені” деп атайды.

		қабаты түрлі түспен боялған)			
Балалармен жеке жұмыс	сурет салу кезінде қарындашты, фломастерді, қылқаламды қолында еркін ұстауға үйрету	алақанға салып тік және дөңгелетіп үйрету; -ұқыпты жұмыс жасай алады: желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты пайдалануға үйрету	балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажыратуға және атауға үйрету	оюының бөліктері туралы ұғымдарға ие; кескішпен түрлі безендірулер жасап үйрету	мазмұнды композицияның бейнесін салу дағдыларын игерту; -қоршаған әлемнің әсемдігін эмоционалды қабылдап үйрету.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**					
Серуен	*«Тышқандар мен мысық»* **Міндеті:**Ептілік пен шапшаңдықты дамыту. **Шарты:** Бір бала – «мысық», басқалары – «тышқандар». «Мысықкележатыр!» дегендетышқандарүйшікке қашады.	*«Желсоқты»* **Міндеті:** Дененіеркінқ озғалту, ырғақсезіміндамыту. **Шарты:** Балалар «желсоғыптұр» депорамалдарынжелмебіргеайналдырып, қозғалыпойнайды.	*«Құстарұшты»* **Міндеті:** Тыңдаужәнедұрысәрекететугеүйрету. **Шарты:** Тәрбиеші«ұшты!» десе — қолдарынжайыпұшады, «ұшпады!» десе — тоқтайды.	*«Шанаменсырғанаймыз»* **Міндеті:** Тепе-теңдіктісақтау. **Шарты:** Балаларшанағаотырып (немесесүйретіп) белгіленгенжолменсырғанайды.	*«Қарлысоқпақпенжүреміз»* **Міндеті:** Дұрысжүру, тепе-теңдіктісақтау. **Шарты:** Арқанменбелгіленген «қарсоқпағымен» құламайжүру.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйіне қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күні шіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяққиім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңесберу.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут**				

Тексерілді: Бердашетова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Топ: «Балдырған» ортаңғы топ

Жоспардің құрылу кезеңі: (15.12.2025ж - 19.12.2025ж 3 апта)

Желтоқсан «Бірлік пен ынтымақ» айы «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді»(әңгімелеу) БТБ

Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу

Мемлекеттік тілді білу

Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу

Табиғатқа қамқорлық таныта білу

Тәрбиешілер: Тукушова Л.К , Морланг К.В

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 15.12.2025 ж**	**Сейсенбі 16.12.2025 ж**	**Сәрсенбі 17.12.2025ж**	**Бейсенбі 18.12.2025ж**	**Жұма 19.12.2025ж**
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпараталу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; Әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; Балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым- қатынасына оңкөзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа	«Тазалық –денсаулық кепілі» Таза бала мұнтаздай Сүйсінеді қараған. Ұқыпты деп бұл қандай Жақсы көрер бар адам. **Коммуникативтік дағдылар**		Балаларға қазақ халқының киіз басу дәстүрін таныстыру.- Ұсақ мотериканы, шыдамдылықты және ұжымдық жұмысты дамыту.- Шығармашылық және эстетикалық қабілеттерін арттыру.	Үйдегі және даладағы жануарлардың айырмашылығы жайлы түсіндіру,қауіпсіздік шараларына үйрету **Қауіпсіздік ережелері**	Саусақ ойыны «Кірпі» Момақанмын алайда Тікенім көп абайла Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме, жарайма **Коммуникативтік дағдылар**

әрекеттер)			**Біртұтас тәрбие**		
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату Гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Гимн кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Желтоқсанайына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат б т б**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылғаніс-әрекеткепсихологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Қазақ тілі** **«Қазақстан»** **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Ұзын сөздерді тыңдау: *Қазақстан, қала, халық.* Сөз ішіндегі қатаң-ұяң дыбысты есту. **Сөздік қор:** Қазақстан, ту, ел, жер, халық. **Грамматикалық құрылым:** Көпше түр: *елдер, халықтар.* Бұйрық рай: *айт, көрсет, тыңда.* **Байланыстырып сөйлеу:** «Қазақстан — менің елім», «Ту көк түсті». **Ойын: «Туды тап»** Әр түрлі суреттің ішінен балалар Қазақстан туын табады.				**Дене тәрбиесі** **Ж д ж.**Қол саусақтарын қимылдату, жұдырықты ашу-жұму. Қолды шеңбер бойымен айналдыру — иық және білек буындарын дамыту. Омыртқаға жеңіл бұрылу жаттығулары. **Негізгіқимыл** Тақтай бойымен еңбектеу — денені төмен ұстап, тұрақты қозғалу. Кедергіден аттап өту — аяқ пен дене координациясын дамыту. Ептілік пен қимыл дәлдігін жетілдіру.

Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату Гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Гимн кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. **Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Мектепке дейінгі ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі** **Ж д ж** Балалар сапта тұрып, қолдарын алдына созып, басынан жоғары көтеріп, артына апарып шапалақтайды. Қолды жан-жаққа созып, алақандарын жоғары қаратады. Қол саусақтарын жылдам	**Музыка** **Музыка тыңдау** Баяу және жылдам әуен тыңдатылады. Музыканың сипатын ажыратады. Шығарманы соңына дейін тыңдайды. **Ән айту** Баяу ән – жұмсақ айту. Жылдам ән – сергек			**Дене тәрбиесі** **Ж д ж** Қолды басынан жоғары көтеріп, артына апарып шапалақтау (6–8 рет). Саусақтарды қозғалту, ашу-жұму (8–10 рет). Оңға-солға бұрылу (6 рет).

	ашып-жұму арқылы ұсақ моторика дамытылады. Оңға-солға бұрылу омыртқа икемділігін арттырады. Аяқтың ұшына көтерілу және аяқты алға қою арқылы тепе-теңдік сақтауға үйретіледі. **Негізгі қимылдар** Балалар тура бағытта 15–20 метрге жылдам жүгіреді. Белгі бойынша тоқтап, қайта жүгіру арқылы зейін дамытылады. Допты оң және сол қолмен 2–3 метр қашықтыққа лақтырады. **Қимылды ойын** «Кім жылдам?». Белгіленген жерге дейін жүгіріп барып, кері қайтады. Ойын барысында балалар бір-біріне кедергі жасамауды үйренеді. **Қазақ тілі** **Тілдік дамытушы орта** Ойын 1: «Досыңды шақыр» Балалар шеңберге тұрады. Тәрбиеші бір балаға орамал береді. Бала қасындағы досын толық аты-жөнімен шақырады:	айту. Сүйемелдеуге ілесу. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар** Баяу музыка – жай қимыл. Жылдам музыка – серпінді қадам. **Балалар аспаптарында ойнау** Дабылмен баяу және жылдам соғу. Металлофонда ырғақты қайталау. **Ойын: «Тез – баяу»** Музыка баяу болса – жай жүру. Музыка жылдам болса – жылдам қадам. Музыка тоқтаса – қатып қалу. Музыка сипатына сәйкес әрекет ету. **Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар** Қолды алға және жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату (6–8 рет). Қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру (6–8 рет). Саусақпен ұсақ заттарды теру арқылы ұсақ моториканы дамыту. Саусақтарды ашу-			Аяқтың ұшына көтерілу (6–8 рет). Аяқты артқа қою, бастапқы қалыпқа келу (6–8 рет). Терең тыныс алу жаттығулары (3–4 рет). **Негізгі қимылдар** «Жыланша» жүгіру (кедергілер арасымен иреленеп жүгіру). Допты еденге соғып, қайта қағып алу (4–5 рет). Допты заттардың арасымен домалату. Бағытты өзгертіп жүгіру. **Қимылды ойын** «Допты жеткіз». Балалар допты белгіленген орынға дейін домалатып апарады.Ептілікке, жылдамдыққа және ережені сақтауға үйретіледі.

	«Аружан Нұрланқызы, төрге шық!» Осылайша балалар бір-бірінің есімін толық әрі дұрыс айтуға жаттығады. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Ойын : «Ұлттық ұғымдар» Тәрбиеші Ұ дыбысы бар сөздерді айтады: Ұлттық, ұрпақ, ұлыс, ұлағат. Балалар сөздерді қайталап айтады. Сөйлем құрайды: «Наурыз – ұлыс мерекесі.» Ұ дыбысын анық айтуға мән беріледі. **Сөздік қор** Ойын : «Дәстүрді ата» Балалар ұлттық дәстүр атауларын айтады: Тұсаукесер, бесікке салу, шашу, бата. Жаңа сөздердің мағынасы түсіндіріледі. **Грамматикалық құрылым** Ойын 1: «Қандай дәстүр?» Балалар сөз тіркестерін құрайды: ұлттық дәстүр жақсы дәстүр үлкен мереке Сөйлем құрайды:	жұму, кезекпен бүгу (8–10 рет). Аяқты жан-жаққа қою, бастапқы қалыпқа келу (6–8 рет). Аяқты артқа қою арқылы аяқ бұлшықеттерін дамыту (6–8 рет). Аяқ ұшына көтерілу (6 рет). **Негізгі қимылдар** Шеңбер бойымен бірқалыпты жүгіру. 50–60 секунд баяу қарқынмен тоқтамай жүгіру. Бағытты өзгертіп жүгіру. Допты кеуде тұсынан тік нысанаға (1–1,5 м) лақтыру (4–5 рет). Допты қағып алу жаттығулары. **Қимылды ойын** «Белгі бойынша тоқта». Балалар еркін жүгіреді, белгі берілгенде бірден тоқтайды. Зейін, жылдам әрекет ету және ережені сақтау дағдылары қалыптастырылады.			

	«Наурыз – үлкен мереке.» Ойын 2: «Не істеді?» Балалар айтады: Қонақ келді. Әже бата берді. Балалар ән айтты. 2–3 сөзден сөйлем құрастырады. **Байланыстырып сөйлеу** Ойын 1: «Наурыз мерекесі» Балалар 3–4 сөйлеммен әңгімелейді: «Наурыз келді. Адамдар бір-бірін құттықтады. Дастархан жайылды. Бата берілді.» Ойын 2: «Сұрақ-жауап» Қандай мерекені білесің? Наурызда не жасайды? Қонаққа не береді? Балалар толық сөйлеммен жауап береді.				
	«Наурыз – жаңа жыл» Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту** Балаларға «Наурыз», «мереке», «жаңа жыл» сөздерін баяу, анық айтқызу. «Наурыз келді» деген екі сөзден тұратын сөйлемді бірге қайталау. Жаңылтпаш айту: *«Наурызда нан бар»*. **Көркем әдебиет** Наурыз туралы қысқа	«Наурыз көже» Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту** «Көже бар», «дәмді көже» сөз тіркестерін айту. Сұраққа бір сөзбен жауап беру: *дәмді, жылы*. **Көркем әдебиет** Қысқа өлең тыңдау: *«Көже іштік, Көңілдіміз, Береке боп өміріміз»*	«Тұсау кесу» Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту** «Бала жүрді», «бала өсті» сөз тіркестерін айту. Баланың алғаш қадам басатыны туралы қарапайым әңгімелеу. Бала жүрді, қадам басты, Алға қарай жол ашты. Жолы болсын, бақ қонсын, Өмірі ұзақ, нұр шашты.	«Ұлттық киімдер» Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту** «Киім әдемі», «тақия бар» сөз тіркестерін айту. Киім атауларын бір сөзбен атау. **Көркем әдебиет** Ұлттық киім туралы қысқа тақпақты тыңдау. Әдемі көйлек киемін,	«Наурыз мерекесі» Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту** «Наурыз құтты болсын» сөз тіркесін айту. Балалардың қуанышты көңіл күйін сөзбен білдіруі. **Көркем әдебиет** Апта бойы тыңдаған тақпақтарды қайталау. Наурыз, Наурыз –

	тақпақты тыңдау: *«Наурыз келді,* *Жыл келді,* *Қуанышпен күн келді»* Тақпақ жолдарын суретті тірек арқылы қайталау, таныс сөздерді бірге айту. **Қазақ тілі** Қ, ұ дыбыстарын «құтты», «Наурыз», «ұлыс» сөздері арқылы дұрыс айту. Балалардың бір-бірін есімін атап, қарапайым жауап беруіне жағдай жасау.	Балалар таныс сөздерді бірге қайталайды. **Қазақ тілі** Зат есім мен сын есімді байланыстырып айту: *дәмді көже*. Ө дыбысын «көже», «дөңгелек» сөздерінде дұрыс айту. Танымдық дағды **Математика негіздері** Үлкен және кіші тостағандарды салыстыру, «үлкен–кіші» сөздерін айту.	**Көркем әдебиет** Қысқа өлең тыңдау: *«Бала жүрсін,* *Жолы ашық болсын»* **Қазақ тілі** Ә дыбысын «әже», «бала», «әдемі» сөздерінде айту. Танымдық дағды **Математика негіздері** Алға және артқа бір-екі қадам жасау арқылы бағытты сезіну.	Тақиям бар басымда. Ұлттық киім жарасады, Мерекеде, қасымда. **Қазақ тілі** Ү, ә дыбыстарын «үлкен», «әдемі», «көйлек» сөздері арқылы айту. Танымдық дағды **Математика негіздері** Киімдерді түсіне қарай салыстыру.	тойымыз, Берекелі ойымыз. Құтты болсын мереке, Шаттыққа толы ойынымыз. **Қазақ тілі** «Жақсы мереке», «үлкен той» сөз тіркестерін айту. Танымдық дағды **Математика негіздері** Бауырсақтарды санау: біреу – көп. Дөңгелек пішінді қайталау.
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	Картотека№5 **Серуен - ойын** **Тақырыбы: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала болар ма?»** **Мақсаты:** Таза ауада түрлі ойындар ойнау, ойын ережелерін сақтап, тату ойнауға қалыптастыру. Балалардың қызығушылықтарын арттыра отырып, ертеңгіліктің сценариі бойынша әндерін қайталау. **Барысы:** -Бүгінгі ауа райын бақылау, Қадап қойған таяқ арқылы қардың қаншалықты ерігендігін бақылау. -Жыл мезгілдері жайлы кіріспе сұрақтарын қою. Бүгігінгі күнді анықтап алу. Балаларға осындай керемет күні, таза ауада түрлі ойындар ойнайтынымызды айту, ойын ережелерін таныстырыу. -1. «Бәйге» - шанамен сырғанап жарысу. (қар бар болса)		Картотека№6 **Серуен - саяхат** **Тақырыбы: «Серуен саяхат» (көрші тұрған ауласына саяхат)** **Мақсаты:** Балалрды көрші «аулаға» саяхатқа апару, ондағы ағаштарға бақылау жасатып, ерекшеліктерін әңгімелету. Көктемге дайындықтарын өздерінше бағалату. Байқағыштық, салыстыру әңгімелеу қабілеттерін дамыту. **Барысы:** -Бүгінгі ауа райын бақылау, қардың мөлшерін анықтау. Жыл мезгіліне байланысты кіріспе сұрақтарын қою. -Балаларды саппен ауласына саяхатқа апару. Ондағы өсіп тұрған ағаштарды бақылап, ажырату. Ауланың кеңдігін әңгімелеу. Балалардың ойын алаңын	

	2. «Арқан тарту» 3. «Тышқан мен мысық» 4. «Моншақтарды жинау» - ертеңгілік сценариі бойынша. 5. «Көлбең-көлбең көлеңке» 6. «Қасқыр мен қояндар» -Верандада ертеңгілік әндерін қайталау, тақпақтарын таза ауада мәнерлеп айту. Би қимылдарын қайталау. **Еңбек әрекеті:** Шыршалардың түбіне қар үю. Киімдерін қағып, саппен топқа қайту.	тамашалап, өзіміздікімен салыстыру. Ойын құралдарымен танысу. Жүргізілген бақылаулардың, әңгімелеудің нәтижесінен көктемге мектептің дайындығы жайлы қорытынды шығару. Осындай әлем бар, Қызықты, Шуақты... Ондағы балалар Жайдары, Көңілді. Бәрі де керемет! -Мектептің ойын алаңында түрлі ойындар ойнау. **Еңбек әрекеті:** Ағаштардың астына қар үю. Жем сауытарға жем шашу.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).**	
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**	
Күндізгіұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**	
Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту.**Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту).**Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотериканы дамыту).**Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).	
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-**	

	өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Танымдық дағды **Математика негіздері** Мерекелік заттарды салыстыру: бір табақ – көп табақ. Дөңгелек пішінді (бауырсақ, табақ) қолмен ұстап, көзбен көру арқылы тану. Әлеуметтік дағды **Қоршаған әлеммен таныстыру** Наурыздың көктемде тойланатынын, адамдар бір-біріне жақсы тілек айтатынын түсіндіру. Шығармашылық дағды **Сурет салу** Тұтас қағаз бетіне сары түспен дөңгелек бауырсақтарды саусақпен салу, бейнені ортасына орналастыру. **Жапсыру** Дайын дөңгелек пішіндерді жапсырып, «Наурыз дастарханы» жасау.	**Вариативный компонент.** Әлеуметтік дағды **Қоршаған әлеммен таныстыру** Наурыз көженің ұлттық тағам екені, қонақтарға берілетіні туралы айту. Шығармашылық дағды **Сурет салу** Қоңыр, сары түстермен тостағандағы көжені саусақпен салу. **Жапсыру** Дайын тостаған мен дән пішіндерін жапсыру. **Мүсіндеу** Пластилиннен домалақ дәндер жасап, тостағанға салу. **Құрастыру** Құрылыс бөлшектерінен «ас үй» бұрышын құрастыру.	Әлеуметтік дағды **Қоршаған әлеммен таныстыру** Тұсау кесу – баланың жолы ашық болсын деген ниетпен жасалатын дәстүр екенін айту. Шығармашылық дағды **Сурет салу** Қағаз бетіне сызықтар арқылы «жол» салу. **Жапсыру** Дайын аяқ іздерін жол бойына жапсыру. **Мүсіндеу** Пластилиннен ұзынша жіп жасап, тұсау бейнелеу. **Құрастыру** Текшелерден «жол» құрастырып, қуыршақты жүргізу.	Әлеуметтік дағды **Қоршаған әлеммен таныстыру** Ұлттық киімді мерекеде, тойда киетінін айту. Шығармашылық дағды **Сурет салу** Ұлттық көйлекті тұтас қағаз бетіне саусақпен бояу. **Жапсыру** Дайын көйлек пішінін жапсырып, қарапайым ою элементтерімен безендіру. **Мүсіндеу** Пластилиннен домалақ түйме жасау. **Құрастыру** Қуыршаққа арналған «киім ілетін орын» құрастыру.	Әлеуметтік дағды **Қоршаған әлеммен таныстыру** Наурызда адамдар қонақ күтіп, бір-біріне жақсы тілек айтатынын айту. Шығармашылық дағды **Сурет салу** Балалар тұтас қағаз бетіне өз бетінше Наурыз мерекесін бейнелейді. **Жапсыру** Апта бойы жасаған пішіндерден ұжымдық «Наурыз» панносын жасау. **Мүсіндеу** Әр бала бір домалақ пішін жасап, ортақ дастарханға қосады. **Құрастыру** Барлық құрылыстарды біріктіріп, «Наурыз ауылы» құрастыру. **Зерттеу:**«Тұқымдар қайда жасырады?» М-ы: Балаларға өсімдік тұқымдарының қай жерде пайда болатындығын көрсетіңіз; олардың бір-бірінен мөлшері, пішіні, түсі, банктерде шығарылатын дыбыстар бойынша айырмашылығы; тұқым жинау әдістерін меңгеруге көмектесу.
Балалармен жеке жұмыс	геометриялық фигураларды ажыратады, оларды ою-өрнектермен безендіруге үйрету	жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіруге үйрету	тақпақтарды, өлеңдерді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету	естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтуды үйрету	сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыруға үйрету
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты				

	байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**	
Серуен	Картотека №5 **Серуен - ойын** **Тақырыбы: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала болар ма?»** **Мақсаты:** Таза ауада түрлі ойындар ойнау, ойын ережелерін сақтап, тату ойнауға қалыптастыру. Балалардың қызығушылықтарын арттыра отырып, ертеңгіліктің сценариі бойынша әндерін қайталау. **Барысы:** -Бүгінгі ауа райын бақылау, Қадап қойған таяқ арқылы қардың қаншалықты ерігендігін бақылау. -Жыл мезгілдері жайлы кіріспе сұрақтарын қою. Бүгігінгі күнді анықтап алу. Балаларға осындай керемет күні, таза ауада түрлі ойындар ойнайтынымызды айту, ойын ережелерін таныстырыу. -1. «Бәйге» - шанамен сырғанап жарысу. (қар бар болса) 2. «Арқан тарту» 3. «Тышқан мен мысық» 4. «Моншақтарды жинау» - ертеңгілік сценариі бойынша. 5. «Көлбең-көлбең көлеңке» 6. «Қасқыр мен қояндар» -Верандада ертеңгілік әндерін қайталау, тақпақтарын таза ауада мәнерлеп айту. Би қимылдарын қайталау. **Еңбек әрекеті:** Шыршалардың түбіне қар үю. Киімдерін қағып, саппен топқа қайту. «Жылғалар» **Шарты:** Жерге сызықтар сызылады. Балалар сызық бойымен тепе-теңдік сақтап жүреді.	Картотека№6 **Серуен - саяхат** **Тақырыбы: «Серуен саяхат» (көрші тұрған ауласына саяхат)** **Мақсаты:** Балалрды көрші «аулаға» саяхатқа апару, ондағы ағаштарға бақылау жасатып, ерекшеліктерін әңгімелету. Көктемге дайындықтарын өздерінше бағалату. Байқағыштық, салыстыру әңгімелеу қабілеттерін дамыту. **Барысы:** -Бүгінгі ауа райын бақылау, қардың мөлшерін анықтау. Жыл мезгіліне байланысты кіріспе сұрақтарын қою. -Балаларды саппен ауласына саяхатқа апару. Ондағы өсіп тұрған ағаштарды бақылап, ажырату. Ауланың кеңдігін әңгімелеу. Балалардың ойын алаңын тамашалап, өзіміздікімен салыстыру. Ойын құралдарымен танысу. Жүргізілген бақылаулардың, әңгімелеудің нәтижесінен көктемге мектептің дайындығы жайлы қорытынды шығару. Осындай әлем бар, Қызықты,Шуақты... Ондағы балалар Жайдары, Көңілді. Бәрі де керемет! -Мектептің ойын алаңында түрлі ойындар ойнау. **-Еңбек әрекеті** Ағаштардың астына қар үю. Жемсауытарға жем шашу. «Көктемгі жел» **Шарты:** Балалар жеңіл жүгіріп жүреді. Белгі бойынша бағыттарын өзгертеді.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**	
Балалардың үйіне	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-	

қайтуы	әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут**

Тексерді: Бердашетова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
Топ: «Балдырған» ортаңғы тобы
Жоспар қандай кезеңге жасалды: 4 апта (26.03-27.03.2026ж 4 апта)
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы.
Апта дәйек сөзі: «Ертегі – тәрбие бастауы». (ертегі оқып беру) АА БТБ
Отан, ел, туған өлке туралы білу Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу
Мемлекеттік тілді білу Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу Табиғатқа қамқорлық таныта білу
Тәрбиешілер: Тукушова Л.К , Морланг К.В

Күн тәртібінің үлгісі				**Бейсенбі 26.03.2026ж**	**Жұма 27.03.2026 ж**
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындардыұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым- қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өз ара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары				**Топ ішінде:** Ойыншық үшін таласпау. Жүгіріп соқтығыспау. Бір-бірін итермеу.Заттарды лақтырмау. **Топ алаңында:** Кезекпен ойнау.Тербелгіште, сырғанақта тәртіп сақтау.Құлапқалған балаға көмектесу. **Қауіпсіздік ережелері**	Қатармен, асықпай жүру. Тұтқадан ұстау.Бір-бірін итермеу. Жүгірмеу, секірмеу. Баспалдақпен түсіп-шыққанда, топта, топ алаңында бір-бірін итермеу жөнінде әңгімелеу. **Қауіпсіздік ережелері**

Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату Гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Гимн кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Мектепке дейінгі ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет					**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар** Барлық қол жаттығулары (алға, жанға, жоғары созу, айналдыру) кешенді түрде орындалады (6–8 рет). Саусақ жаттығулары: ашу-жұму, кезекпен бүгу (8–10 рет). Оңға-солға бұрылу, алға еңкею (6 рет). Аяқты алға, жанға, артқа қою (6–8 рет). Аяқ ұшына көтерілу (6 рет). Тыныс алу жаттығулары (3–4 рет). **Негізгі қимылдар** Жүгірудің бірнеше түрі біріктіріледі: тура бағытта, шеңбер бойымен, «жыланша» жүгіру. Қарқынды өзгертіп жүгіру (жылдам-баяу). Допты лақтыру, домалату және қағып алу тапсырмалары біріктіріліп орындалады (4–5 рет). Қимылдарды үйлесімді орындауға

					жаттықтыру. **Қимылды ойын** «Эстафета». Балалар топпен жарысады. Кезекпен жүгіріп, тапсырманы орындап, келесі балаға береді. Ұйымшылдыққа, жылдамдыққа және ережені сақтауға үйретіледі. **Өзіне-өзі қызмет көрсету** Өз бетімен киіну-шешіну дағдылары тексеріледі. Киімді ұқыпты бүктеу және орнына қою дағдылары бекітіледі. **Салауатты өмір салты** Денсаулықты сақтау жолдары қорытындыланады. Дұрыс тамақтану, қозғалыс белсенділігі, тазалық сақтау, жеткілікті ұйқы және таза ауада серуендеудің маңызы еске түсіріледі.
				Апталық дәйек сөз: *«Ертегі – тәрбие бастауы»* «Бауырсақ» ертегісі Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту** Балаларға «Бауырсақ» сөзін баяу, анық айтқызу. «Бауырсақ домалады» сөз тіркесін қайталау. Кейіпкердің дауысын сәл өзгертіп айту (бауырсақ – жіңішке, ата – жай). **Көркем әдебиет** «Бауырсақ» ертегісін қысқартылған түрде тыңдау. Ең қызықты жерін бірге қайталау: *«Мен бауырсақпын!»* Суретті тірек арқылы кейіпкерлерді тану. **Қазақ тілі** Қ, ө дыбыстарын «қоян», «бөдене емес – бауырсақ» сөздері арқылы айту.	«Мақтақыз бен мысық» ертегісі Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту** «Мысық», «қыз» сөздерін анық айту. «Мысық сүт ішті» сөз тіркесін қайталау. Кейіпкерлердің дауысын ажыратып айту (мысық – мияу). **Көркем әдебиет** «Мақтақыз бен мысық» ертегісін қысқаша тыңдау. Таныс сөздерді бірге қайталау: *мысық, сүт, қыз*. **Қазақ тілі** М, қ дыбыстарын «мысық», «мақта» сөздері арқылы айту. Зат есім + етістік: *мысық ішті*. Танымдықд ағды **Математика негіздері** Бір мысық – көп мысық суреттерін салыстыру. Таңертең және кешке ұғымдарын мысықтың

				Сұраққа бір сөзбен жауап беру: *кім? не?*	әрекеті арқылы айту.
Екінші таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотораканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Картотека№7** **«Қар қандай күйде?»** **Мақсаты:** Күннің жылынғанынан қардың еритіні жайлы түсінік қалыптастыру.Барысы:Бүгінгі ауа райын бақылату. Айналадағы өзгерістерді бақылатып, әңгімелету. - Балалар, қараңдаршы, қарға не болған? -Ол неге суға айналды? -Неліктен қар еріп жатыр? -Өйткені жыл мезгілі көктем. -Көктем мезгілінің келгенін қалай білеміз? (Балалардың жауаптарын тыңдау, ойларын толықтыру) Тақпақ айтқызу. Қар еріді, су ақты, Күндер келді шуақты. Байтақ дала келбеті, Түкті кілем сияқты. Еңбек тапсырмаҚораптардан құстарға жемсауыт жасап әкелу. Мақсаты: Құстарды қуанышпен күту, оларға деген мейірімділік сезімдерін ояту. Д\О «Жылы-суық».Мақсаты: Жыл мезгілдерінің ерекшелігін ажыратуға, жылы, суық заттарды атауға үйрету. Қ\О «Өз жұбыңды тап» Мақсаты: Достыққа, жұбын қорғауға тәрбиелеу.	**Картотека№8** **«Көктем келбеті»** **Мақсаты:** Балалардың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тереңдету. Көктем келбетін бақылатып,әңгімелету. Бақылау, ойлау, көргенін әңгімелеуге дағдыландыру. Табиғатты сүюге, аялауға тәрбиелеу.Барысы: Бүгінгі ауа райын, желдің бағытын лента арқылы бақылату. -Жыл мезгілі қандай? -Бүгін ауа райы қандай? -Бүгін күн қандай? (күн ашық немесе күн бұлтты) -Біздің көңіл күйіміз қандай? Д\О «Бұл қай мезгіл?» Бұлтты айдай желдеткен, Нөсерлеткен, селдеткен. Шалшық кешіп ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? -Көктемде неге шалшық кешіп ойнаймыз? -Себебі көктем мезгілінде күн жылынып, қар ериді, жер қардың суына толып, батпаққа толады. -Көктемде тағы қандай ерекше өзгерістер болады? (Балалардың ойларын тыңдау) -Сендерге көктем мезгілі ұнайды ма? Неліктен? (Балалар ойларын тыңдау)Еңбек әрекеті :Ойын алаңында су ағатын арықшалар жасау. Мақсаты: Арықша арқылы қар суын ағаштың түбіне ағып, ағашқа пайдалы болатынын, ал ойын алаңында батпақтың азаятынын түсіндіру. Қамқорлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қ\О «Қоймадағы тышқандар»	

		Мақсаты: Балалардың шапшаңдықтарын арттыру. Достыққа, жанкүйерлікке тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**	
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**	
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**	
Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту.**Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту).**Өзіне-өзік ызметету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту(тазалыққа баулу).	
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**	

Балалардың дербес іс-әрекеті				Танымдық дағды **Математика негіздері** Бір бауырсақ және көп бауырсақты салыстыру. Бауырсақтың дөңгелек пішін екенін көрсету. Әлеуметтік дағды **Қоршаған әлеммен таныстыру** Ертегі кейіпкерлерінің жануар екенін айту (қоян, аю, түлкі). Жақсы және жаман әрекеттер туралы қысқаша түсіндіру. Шығармашылық дағды **Сурет салу** Тұтас қағаз бетіне сары түспен саусақ арқылы дөңгелек бауырсақ салу. **Жапсыру** Дайын дөңгелек пішінді жапсырып, «Бауырсақ» бейнесін жасау. **Мүсіндеу** Пластилиннен домалақтау арқылы бауырсақ мүсіндеу. **Құрастыру** Ірі текшелерден «жол» құрастырып, бауырсақты домалату.	Әлеуметтік дағды **Қоршаған әлеммен таныстыру** Үй жануары – мысық туралы әңгімелеу. Үй жануарларына қамқор болу керектігін түсіндіру. Шығармашылық дағды **Сурет салу** Тұтас қағаз бетіне саусақпен мысықтың қарапайым бейнесін салу. **Жапсыру** Дайын мысық және тостаған пішіндерін жапсыру. **Мүсіндеу** Пластилиннен домалақ жасап, мысықтың басын бейнелеу. **Құрастыру** Құрылыс бөлшектерінен «мысықтың үйі» құрастыру.
Балалармен жеке жұмыс				**Бағыты:** Суретпен жұмыс **Жұмыс:** Бір суретті сипаттау (1 сөз). **Нәтиже:** Қысқа жауап береді.	**Бағыты:** Қорытынды **Жұмыс:** Түсті, пішінді көрсету. **Нәтиже:** Қарапайым білімін бекітеді.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Картотека№7** **«Қар қандай күйде?»** **Мақсаты:** Күннің жылынғанынан қардың еритіні жайлы түсінік			**Картотека№8** **«Көктем келбеті»** **Мақсаты:** Балалардың жыл мезгілдері жайлы	

	қалыптастыру.Барысы:Бүгінгі ауа райын бақылату. Айналадағы өзгерістерді бақылатып, әңгімелету. - Балалар, қараңдаршы, қарға не болған? -Ол неге суға айналды? -Неліктен қар еріп жатыр? -Өйткені жыл мезгілі көктем. -Көктем мезгілінің келгенін қалай білеміз? (Балалардың жауаптарын тыңдау, ойларын толықтыру) **Д/О«Торғайлар»** **Шарты:** Балалар кішкентай құс болып секіреді. «Қауіп!» дегенде шеңберге жиналады.	білімдерін тереңдету. Көктем келбетін бақылатып,әңгімелету. Бақылау, ойлау, көргенін әңгімелеуге дағдыландыру. Табиғатты сүюге, аялауға тәрбиелеу.Барысы: Бүгінгі ауа райын, желдің бағытын лента арқылы бақылату. -Жыл мезгілі қандай? -Бүгін ауа райы қандай? -Бүгін күн қандай? (күн ашық немесе күн бұлтты) -Біздің көңіл күйіміз қандай?**Д/О«Наурыз келді»Шарты:** Балалар шеңбер жасап, жүреді. Белгі бойынша көктем белгілерін (күн, жел, жаңбыр) қимылмен көрсетеді.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**	
Балалардың үйіне қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қол өнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» депа йту) **Өнегелі 15 минут**	

Тексерді: Бердашетова

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Топ: «Балдырған» ортаңғы топ

Жоспардың құрылу кезеңі: Сәуір айы 2026 жыл 1 апта

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Апта дәйек сөзі: «Еңбек - қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап» Абай (ойын арқылы) Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы

Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу.

Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау

Өзіне-өзі қызмет көрсету

Тәрбиешілер: Тукушова Л.К , Морланг К.В

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 30.03.2026 ж**	**Сейсенбі 31.03.2026 ж**	**Сәрсенбі 01.04.2026 ж**	**Бейсенбі 02.04.2026ж**	**Жұма 03.04.2026 ж**
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы,т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым- қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Баспалдақпен түсіп-шыққанда, топта, топ алаңында бір-бірін итермеу жөнінде әңгімелеу. **Қауіпсіздік ережелері**	**Сюжеттік ойын:** «Қуыршақты ұйықтатамыз» Тәрбиеші: «Қуыршақ шаршады, оны ұйықтатайық» **Б**алалар: қуыршақты төсегіне жатқызады көрпемен жабады «Әлди-әлди» деп айтады Сөздер: «Ұйықта» «Жақсы ұйықта»	Зейінді дамыту. Баланың алдына 3-4 зат қойып, оларды есте сақтауын сұрау Кейін біреуін алып тастап, "Қай зат жоқ?" деп сұрау **Танымдық дағдылар**	**Сюжеттік-рөлдік ойын:** «Қуыршақты тамақтандырамыз» Тәрбиеші балаларға қуыршақты көрсетеді: «Балалар, біздің қуыршағымыз аш болып тұр. Оны тамақтандырайық» Балалар рөлдерді бөліседі: ана, әке тәрбиеші (немесе барлығы бірге) Балалар: – қуыршақты отырғызады – қасықпен «тамақ береді» – су ішкізеді – «жақсы сөздер» айтады Мысалы: – «Аузыңды аш» – «Жарайсың», «Дәмді ме?»	**"Кім қайда тұрады?"**Жануарлар мен олардың мекендейтін орындарын үйрету."Балық қайда тұрады?" – "Суда!" "Қасқыр қайда тұрады?" – "Орманда!" "Сиыр қайда тұрады?" – "Аулада!" **Әлеуметтік, танымдық дағдылар**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату Гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Гимн кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. **Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері				

	Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі** **Ж.д.ж:** Қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату. Қолды көтеру және түсіру. Саусақтарды қозғалту, жұму және ашу. Отырған қалыпта оңға және солға бұрылу (6 рет). Аяқты бірге және кезекпен бүгу және созу. Шалқасынан жатып, етпетінен аунау. Қолды алға созып жартылай отыру. **Негізгі қимылдар** 4–6 метр қашықтыққа тура бағытта еңбектеу Көктемгі табиғатты бейнелеп жай қозғалу	**Музыка** **Музыка тыңдау** Музыкалық шығарма тыңдатылады. Шығарманы иллюстрациямен салыстырады. Балалар аспаптарының дыбысын тыңдайды. Аспап атауын атауға тырысады. Музыкаға назар аударады. Әуеннің сипатын (көңілді, баяу) ажыратады. Музыка арқылы өз әсерін білдіреді. **Ән айту** Ересекпен бірге ән айту. Әнді бірге бастайды. Әнді бірге аяқтайды. Әуенге сай дұрыс айтуға тырысады. Дауыс ырғағын сақтауға дағдыланады. Сөздерді анық айтуға тырысады. Топпен бірге ән айтуға қатысады.**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**			**Дене тәрбиесі** **Ж.д.ж.** Қолды көтеру-түсіру күнге қарай созылып қайта түсу Саусақ жаттығулары жаңбыр тамшыларын бейнелеу Бұрылу көктемгі жел бағытымен қозғалу Аяқты бүгу созу жерге отырып қайта тұру Жартылай отыру гүл отырғызғандай қимыл жасау **Негізгі қимылдар** Тақтай бойымен еңбектеу көпірден өткен сияқты Заттарды айналып өту көктемгі кедергілерден айналып жүру Қимылды ұқыпты және тепе-теңдік сақтап орындау **Қимылды ойындар:** **«Кедергіден өт»** Балалар белгі бойынша әртүрлі кедергілерден өтеді еңбектейді айналып жүреді Көктемгі саяхат ретінде ұйымдастырылады Жылдам әрі дұрыс орындаған балалар

	Заттардың арасымен еңбектеу гүлдердің арасымен өткен сияқты Кедергілерден абайлап өту **Қимылды ойындар: «Туннельден өт»** Балалар кезекпен туннельден немесе доға астынан еңбектеп өтеді Көктемгі іннен шыққан жануарлар сияқты қозғалады **Қазақ тілі «Төрт түлік мал» Тілдік дамытушы орта** Ойын 1: «Малды таныстыр» Балалар өздеріне таныс төрт түлік малды атап, толық сөйлеммен таныстырады«Бұл – сиыр. Сиыр	Музыкаға сәйкес қарапайым би қимылдарын орындау. Қол және аяқ қимылдарын үйлестіру. Музыка ырғағына сай қозғалу. Тәрбиешінің қимылдарын қайталау. Қимыл арқылы музыка сипатын көрсету. Қарапайым би элементтерін меңгеру. **Балалар музыкалық аспаптарында ойнау** Сылдырмақпен ырғақпен қағу. Ырғақты сақтауға тырысады. Қатты және ақырын дыбысты ажыратады. Аспапты дұрыс ұстауға үйренеді. Музыка ырғағына сәйкес ойнайды. Топпен бірге ойнауға қатысады. **Денешынықтыру Ж.д.ж.** Қолды жан-жаққа созу құстардың қанатындай қалықтау Саусақ жаттығулары жаңбыр тамшыларын бейнелеу			мадақталады

	сүт береді. Сиыр үй жануары». **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Ойын 1: «Қой мен қозы» Балалар Қ дыбысы бар сөздерді анық әрі дұрыс айтуға жаттығады: қой, қозы, қора, құлын. Ойын 2: «Ұ дыбысы» Ұ, Ү дыбыстары бар сөздерді дұрыс айту: құлын, бұзау, түйе, үкі. **Сөздік қор** «Мал туралы тақпақ» Балалар төрт түлік туралы қысқа тақпақ жаттайды және мәнерлеп айтады. **Грамматикалық құрылым** «Көпше айт» Балалар жекеше сөздерді көпше	Отырған қалыпта бұрылу желдің қозғалысын көрсету Аяқты кезекпен көтеру гүлге қарай қадам жасау Еңкею жерден гүл тергендей қозғалу **Негізгі қимылдар** Доғаның астымен еңбектеу (40 см) көктемгі іннен өткен сияқты Арқан астынан өту кедергілерден абайлап өту Қимылды дәл және баяу орындау **Қимылды ойындар: «Кім жылдам еңбектейді?»** Балалар белгі бойынша еңбектеп жарысады Көктемгі жануарлар сияқты қозғалады Кім бірінші жетсе сол жеңімпаз болады			

	түрде айтады: сиыр – сиырлар, қой – қойлар, жылқы – жылқылар. **Байланыстыра сөйлеу** Ойын 1: «Менің сүйікті малым» әңгімелеу Балалар 2–3 сөйлеммен өз ойларын айтады: «Менің сүйікті малым – жылқы. Ол өте пайдалы».				
	Апта дәйек сөзі: **«Мал баққанға бітеді» (Қазақ мақалы)** Балаларға мақалдың мағынасы қарапайым тілмен түсіндіріледі: үй жануарларын күтіп-баптаса, олар адамға пайда әкеледі. Ойын әрекеті: **«Қозы мен қой»Тіл дамыту –**	Ойын әрекеті: **«Ешкі мен лақ»** **Тіл дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Педагог балаларға ешкі мен лақтың суретін және ойыншықтарын көрсетеді. Балалармен бірге «ешкі», «лақ», «ме-ме» сөздерін анық айтуға жаттықтырады. Дауысты дыбыстарды (а, ә, е) және дауыссыз дыбыстарды (к, қ, т) дұрыс айтуға бағытталған артикуляциялық	Ойын әрекеті: **«Төлін тап»** **Тіл дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Балалар үй жануарларының атауларын анық айтады: қой, ешкі, сиыр. Дыбыстарды дұрыс айтуға арналған артикуляциялық жаттығулар жасалады. **Сөздік қор** Балалар «қой	Ойын әрекеті: **«Қорадағы жануарлар»** Тіл дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениеті **Сөздік қор** Балалар «қой қорада тұр», «қозы жүгіріп жүр», «ешкі жайылып жүр» сияқты сөз тіркестерін қолданады. Жаңа сөздерді қолдану арқылы сөйлем құрауға үйренеді. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Балалар зат есімдерді көмекші сөздермен бірге қолданады: «Қозы қораның ішінде», «Ешкі қораның	Ойын әрекеті: **«Ферма»** **Тіл дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Балалар үй жануарларының атауларын анық айтып, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттығады. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуға арналған артикуляциялық жаттығулар жасалады. Балалар жануарлардың дыбыстарын еліктеп айтады. **Сөздік қор**

	сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Педагог балаларға үй жануарларының суреттерін көрсетеді. «Қой», «қозы», «мә-мә» сөздерін анық айтуға жаттықтырады. Дауысты дыбыстарды (а, ә, о) анық айтуға үйретеді. Балалар жануарлардың дыбыстарын еліктеп айтады. **Сөздік қор** «Қозы жүгірді», «қой жайылды» сияқты сөз тіркестерін айту. **Тілдің грамматикалық құрылымы** «Қозы қораның ішінде», «қой қораның жанында» сөз тіркестерін қолдану. **Байланыстыры**	жаттығулар орындалады. Балалар жануарлардың дыбыстарын еліктеп айтып, сөйлеу қарқынын баяу және анық айтуға жаттығады. **Сөздік қор** Балалар «ешкі жайылды», «лақ секірді», «лақ жүгірді» сияқты сөз тіркестерін қолдануға үйренеді. Жаңа сөздерді дұрыс қолдануға бағытталған шағын ойындар ұйымдастырылады. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Балалар зат есімдерді көмекші сөздермен қолданады: «Лақ қораның жанында», «Ешкі қораның ішінде». Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану жаттығулары жүргізіледі (лақ – лақтар). **Байланыстырып сөйлеу** Балалар «Лақ пен ешкі» туралы шағын көріністі ойын арқылы	жайылады», «қозы жүгірді», «сиыр мөңіреді» сөз тіркестерін қолданады. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Балалар «қозы қойдың жанында», «бұзау сиырдың артында» сияқты сөз тіркестерін қолданады. **Байланыстырып сөйлеу** Балалар жануарлар мен олардың төлдерін сәйкестендіріп, шағын әңгіме құрастырады. **Көркем әдебиет** Педагог үй жануарлары туралы ертегі оқиды. Балалар кейіпкерлердің рөлін ойнайды. **Қазақ тілі** Жаңылтпаш айту арқылы дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	жанында», «Қой қораның артында». Жекеше және көпше түрде айту жаттығулары жүргізіледі: қой – қойлар, қозы – қозылар. **Байланыстырып сөйлеу** Балалар «Қорадағы жануарлар» ойынында жануарларды орналастырып, олардың әрекеттері туралы қысқа сөйлемдер айтады. Педагог сұрақтар қойып, балалардың жауап беруін ынталандырады. **Көркем әдебиет** Педагог үй жануарлары туралы қысқа ертегі немесе өлең оқиды. Балалар кейіпкерлердің дауысын келтіріп, шағын сахналау әрекетіне қатысады. **Қазақ тілі** Қазақ тіліне тән «ә», «ө», «қ», «ү», «ұ» дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру. Балалар қысқа санамақты немесе жаңылтпашты қайталап айтады. **Математика негіздері – сан** Балалар ойыншық жануарларды санайды.	Балалар «сиыр сүт береді», «қой жүн береді», «жылқы жүгіреді» сияқты сөз тіркестерін қолданады. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Балалар зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолданады: сиыр – сиырлар, қозы – қозылар. **Байланыстырып сөйлеу** Балалар «Ферма» ойыны арқылы жануарларды атап, олардың әрекеттері туралы шағын әңгіме құрайды. **Көркем әдебиет** Балалар апта бойы тыңдаған ертегіні немесе өлеңді бірге қайталап, шағын сахналау әрекетін көрсетеді. **Қазақ тілі** Балалар санамақ немесе жаңылтпаш айтып, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттығады. **Математика негіздері – сан** Балалар ойыншық жануарларды санап, тең және тең емес топтарды салыстырады. «Қайсысы

	п сөйлеу Балалар «Қошақан» ертегісін тыңдап, кейіпкерлерді ойын арқылы көрсетуге тырысады. **Көркем әдебиет** Үй жануарлары туралы қысқа ертегі тыңдау, кейіпкерлердің дауысын келтіру. **Қазақ тілі** Қазақ тіліне тән дыбыстарды (ә, қ, ұ) айтуға жаттықтыру.	бейнелейді. Кейіпкерлердің әрекетін айтып, қарапайым сөйлемдер құрайды. **Көркем әдебиет** Ешкі мен лақ туралы қысқа өлең немесе ертегі тыңдалады. Балалар кейіпкерлердің дауысын салып, шағын сахналау әрекетіне қатысады. **Қазақ тілі** Қазақ тіліне тән «ә», «қ», «ұ» дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру. Балалар санамақ немесе қысқа тақпақты қайталап айтады.		«Қайсысы артық?», «Қайсысы кем?» сұрақтарына жауап береді.**Шама** Балалар үлкен-кіші, биік-аласа ұғымдарын қолдана отырып жануарларды салыстырады. **Геометриялық пішіндер** Балалар дөңгелек пішінді зерттеп, жануарлар бейнесінен дөңгелек элементтерді табады. **Кеңістікте бағдарлау** Балалар жануарларды оң және сол жағына орналастырады. **Уақытты бағдарлау** Педагог жануарлардың күндіз жайылып, кешке қораға келетінін түсіндіреді.	көп?», «Қайсысы аз?» сұрақтарына жауап береді. **Шама** Балалар жануарларды үлкен-кіші, биік-аласа бойынша салыстырады. **Геометриялық пішіндер** Балалар дөңгелек пішінді бекітеді. **Кеңістікте бағдарлау** Балалар ойыншықтарды оң және сол жақтарына орналастырады.
Екінші таңғы ас	Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	Картотека№ **1** **Күнді бақылау** **Мақсаты:** Көктемде күннің көзі шығып, ауа райы жылына бастайды. Күн ұзарады, күннің көзі пайдалы және өте қажет. Балалар сендер балбақшаға күн жарықта		Картотека№ **2** **Аспанды бақылау** **Мақсаты:** Көктемнің сұлулығын байқату, сөздік қорларын молайту, өз ойларынжеткізе білуге үйрету. Балалар аспанның түсіне назар аударайық. Олар		

	келесіңдер. Қыс мезгілімен салыстырайық. Күннің көзі биікте тұрады, ауа райыны жылытады және жсыл шөптер шыға бстайды. **Тәжірибе:** «Күннің сәулесі» **Мақсаты:** эксперимент бойынша күннің көзін көрсету. **Барысы:** Күннің көзі жарқырап тұрған кезде, допты сулап күннің көзіне қойып судың кепкенін байқату. Алақандарын күннің көзіне қойып , күн сәулесінің жылуын сезіндіру. **Мақал – мәтел** Жаз сайға қонба, Қыс қырға қонба. **Жұмбақ** Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (күн сәулесі) **Дидактикалық ойындар:** « Мейірімді сөздер» **Мақсаты:** сөздік қорларын молайту,мейірімді сөздерді айтуға үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** « Күн және жаңбыр», «Тышқанмен мысық»,«Бақалар»	бұлттардан таза мөлдір және әдемі көгілдір түс. Аспан алыста биікте орналасқан. **Тақпақ** Қаусатып қар, боранды, Көктем қайтып оралды. Таулар тастап ақ тонын, Көк торғынға оранды. Сарқырады бұлақтар, Құлпырды бел – қыраттар. Сағым ойнап, көзді алып, Жрық тартты жарақтар. Көрсен енді қоянды, Көкшіл түске боянды. Аюлармен аралар, Ұйқысынан ойанды. Н.Айтов. **Жұмбақ** Жақсылықпен келеді, жылытады ауаны. Күн шуағымен әдемі, бұл қай кезде болады ? (көктем) **Дидактикалық ойындар:** «Тышқан қақпаны», «Ақ серек – көк серек»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**	
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**	
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.	

	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту).**Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотериканы дамыту).**Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Балалардың дербес іс-әрекеті	**Математика негіздері – сан** Қой мен қозыларды санау: «бір қозы», «екі қозы». «Қайсысы көп?», «Қайсысы аз?» сұрақтарына жауап беру. **Шама** Үлкен қой мен кіші қозыны салыстыру. **Геометриялық пішіндер** Дөңгелек пішінді (қозының басы) көрсету. **Құрастыру**	**Вариативный компонент. Математика негіздері – сан** Балалар ойыншық лақтарды санайды. «Қайсысы көп?», «Қайсысы аз?» сұрақтарына жауап береді. **Шама** Балалар ұзын және қысқа таяқшаларды салыстырады. Ұзын-қысқа ұғымдарын қолданады. **Геометриялық пішіндер** Балалар дөңгелек пішінді заттарды табады. **Кеңістікте бағдарлау** Балалар ойыншық жануарларды оң және сол жағына орналастырады.	**Математика негіздері – сан** Балалар жануарларды санап, тең және тең емес топтарды салыстырады. **Шама** Балалар ұзын-қысқа, үлкен-кіші заттарды салыстырады. **Геометриялық пішіндер** Балалар дөңгелек пішінді зерттейді. **Кеңістікте бағдарлау** Балалар ойыншықтарды оң	**Құрастыру** Балалар кірпіштер мен пластиналарды пайдаланып жануарларға арналған қора немесе қоршау құрастырады. **Сурет салу** Балалар қылқаламды дұрыс ұстап, қағаз бетіне жануарлар мен шөп бейнесін салады. Негізгі түстерді қолданады. **Мүсіндеу** Балалар ермексаздан өздеріне ұнаған жануар бейнесін мүсіндейді және таяқшамен безендіреді.	**Құрастыру** Балалар құрылыс материалдарынан ферма немесе қора құрастырады. **Сурет салу** Балалар жануарлар бейнесі бар қарапайым сюжеттік сурет салады. **Мүсіндеу** Балалар өздеріне ұнаған жануарды мүсіндеп, ұжымдық композиция жасайды. **Жапсыру** Балалар геометриялық пішіндерден жануар бейнесін құрастырып жапсырады. **Қоршаған әлеммен таныстыру – табиғаттағы**

	Кірпіштерден жануарларға арналған қора құрастыру. **Сурет салу** Қылқаламды дұрыс ұстап, қозының жүнін нүктелер арқылы салу. **Мүсіндеу** Ермексаздан домалақ пішін жасап қозы бейнесін мүсіндеу. **Жапсыру** Дөңгелек және сопақ пішіндерді жапсырып қозы бейнесін жасау. **Қоршаған әлеммен таныстыру** Үй жануарларының адамға пайдасы туралы әңгімелеу.	**Уақытты бағдарлау** Педагог күндіз жануарлар жайылатынын, кешке қораға келетінін түсіндіреді. **Құрастыру** Балалар кірпіштер мен пластиналарды пайдаланып жануарларға арналған қора немесе алаң құрастырады. **Сурет салу** Балалар қарындаш пен қылқаламды дұрыс ұстап, қағаз бетіне шөп пен жануар бейнесін салады. Негізгі түстерді қолданады. **Мүсіндеу** Балалар ермексаздан лақ бейнесін мүсіндейді, таяқшамен безендіреді. **Жапсыру** Балалар дайын геометриялық пішіндерден жануар бейнесін құрастырып жапсырады. **Қоршаған әлеммен таныстыру** Балалар ешкінің сүт беретінін, оның адамға пайдалы екенін біледі. Жануарларға қамқор болу қажеттігі туралы әңгіме	және сол жағына орналастырады. **Құрастыру** Балалар үлгі бойынша жануарларға арналған қора құрастырады. **Сурет салу** Балалар жануарлар бейнесі бар қарапайым сюжеттік сурет салады. **Мүсіндеу** Балалар өздеріне ұнаған жануарды мүсіндейді. **Жапсыру** Балалар геометриялық пішіндер арқылы жануар бейнесін құрастырады. **Қоршаған әлеммен таныстыру** Жануарларды күту және қорғау туралы әңгіме жүргізіледі.	**Жапсыру** Балалар геометриялық пішіндерді пайдаланып жануар бейнесін құрастырып жапсырады. **Қоршаған әлеммен таныстыру** Балалар жануарларға қамқор болу керектігін түсінеді. Педагог жануарларға күтім жасау туралы әңгіме жүргізеді.	**маусымдық өзгерістер** Балалармен бірге көктем мезгіліндегі ауа райы туралы әңгімелесу жүргізіледі. Педагог балалардан «Бүгін ауа райы қандай? (жылы, салқын)» деп сұрайды. Табиғаттағы өзгерістерге назар аудартады: көктемде күн жылынады, жануарлар жайылымға шығады. Бақылау күнтізбесіне көктемгі ауа райының жағдайы белгіленеді. **Зерттеу:** «Қара қарындашты не ауыстырады?» М-і:Балаларға көмір туралы түсінік беру үшін оның қасиеттерін анықтауға көмектесіңіз (күйіпкеткен ағаштан пайда болады, қолында, қағазда, матада қара із қалдырады, басқанда ұсақталады). Сөйлеудегі сөздерді белсендіріңіз: көмір, сынғыш, ұнтақ, сұр. Ойлау процестерін дамыту. Айналаңыздағы әлемге қызығушылықты арттырыңыз.

		жүргізіледі.			
Балалармен жеке жұмыс	**Бағыты:** Сөйлеуді ң дыбыстық мәдениеті **Жұмыс:** «А, ә, о, ұ» дыбыстарын дұрыс артикуляциямен айтқызу, айна арқылы жұмыс.	**Бағыты:** Дауыссыз дыбыстар **Жұмыс:** П–Б дыбыстарын салыстырып айту (па-ба, піл–балық).	**Бағыты:** Сөйлеу қарқыны **Жұмыс:** Қысқа жаңылтпашты алдымен баяу, кейін жылдам айтқызу.	**Бағыты:** Сөздік қор (тұсау кесу) **Жұмыс:** «Тұсау кесу», «ала жіп», «тұсауын кесу» сөз тіркестерін қайталату, мағынасын түсіндіру.	**Бағыты:** Грамматикалық құрылым **Жұмыс:** Заттың орналасуын айтқызу (доп үстінде, орындықтың астында).
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотористі дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	Картотека№ **1** **Күнді бақылау** **Мақсаты:** Көктемде күннің көзі шығып, ауа райы жылына бастайды. Күн ұзарады, күннің көзі пайдалы және өте қажет. Балалар сендер балбақшаға күн жарықта келесіңдер. Қыс мезгілімен салыстырайық. Күннің көзі биікте тұрады, ауа райыны жылытады және жсыл шөптер шыға бстайды. **Тәжірибе:** «Күннің сәулесі» **Мақсаты:** эксперимент бойынша күннің көзін көрсету. **Барысы:** Күннің көзі жарқырап тұрған кезде, допты сулап күннің көзіне қойып судың кепкенін байқату. Алақандарын күннің көзіне қойып , күн сәулесінің жылуын сезіндіру.		**Аспанды бақылау** **Мақсаты:** Көктемнің сұлулығын байқату, сөздік қорларын молайту, өз ойларынжеткізе білуге үйрету. Балалар аспанның түсіне назар аударайық. Олар бұлттардан таза мөлдір және әдемі көгілдір түс. Аспан алыста биікте орналасқан. **Тақпақ** Қаусатып қар, боранды, Көктем қайтып оралды. Таулар тастап ақ тонын, Көк торғынға оранды. Сарқырады бұлақтар, Құлпырды бел – қыраттар.		

	Мақал – мәтел Жаз сайға қонба, Қыс қырға қонба. **Жұмбақ** Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (күн сәулесі) **Дидактикалық ойындар:** « Мейірімді сөздер» **Мақсаты:** сөздік қорларын молайту,мейірімді сөздерді айтуға үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** « Күн және жаңбыр», «Тышқанмен мысық»,«Бақалар» **Ойын:** «Қасқыр қақпанында» **Шарты:** Шеңбер ішінде «қасқыр» тұрады. Қалған балалар шеңбер сыртында жүгіреді. Белгі бойынша шеңберден өтіп шығып үлгеруі керек, қасқыр ұстап алуға тырысады.	Сағым ойнап, көзді алып, Жрық тартты жарақтар. Көрсен енді қоянды, Көкшіл түске боянды. Аюлармен аралар, Ұйқысынан ойанды. Н.Айтов. **Жұмбақ** Жақсылықпен келеді, жылытады ауаны. Күн шуағымен әдемі, бұл қай кезде болады ? (көктем) **Дидактикалық ойындар:** «Тышқан қақпаны», «Ақ серек – көк серек» **Ойын:** «Нысанаға дәл тигіз» **Шарты:** Қапшықты немесе допты 2–3 метр қашықтықтағы нысанаға дәл лақтырады.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**	
Балалардың үйіне қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту)**Өнегелі 15 минут**	

Тексерілді: Бердашетова

Ұсыныс: Ұсынған әдістерді жүйелі түрде кіріктіру ұсынылады.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Топ: «Балдырған» ортаңғы тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы (06.04-10.04.2026ж 2 апта)

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Апта дәйексөзі: «Еңбекетсенерінбей Тоядықарнынтіленбей» (әңгімелесу) АА БТБ

Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу

Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау

Өзіне-өзі қызмет көрсету

Тәрбиешілер: ТукушоваЛ.К, Морланг К.В

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 06.04.2026ж**	**Сейсенбі 07.04.2026 ж**	**Сәрсенбі 08.04.2026 ж**	**Бейсенбі 09.04.2026ж**	**Жұма 10.04.2026 ж**
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсыалу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнын ақою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым- қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	**Сюжеттік ойын: «Қонақ күтеміз»** Әдептілікке, қарым-қатынасқа үйрету. Ойын барысы: Балалар: – қонақты қарсылады – «келіңіз» дейді – шайбереді Сөздер: – «Сәлеметсіз бе?» – «Келіңіз»	**"Түйе, жылқы, қой"**Қазақ халқының төрт түлік малға деген құрметін үйрету, жануарларды ажыратуға баулу. (жылқы – мініс малы, түйе – шөлге төзімді, сиыр – сүт береді, қой – жүн береді).Балаларға әр малдың дауысын салып, қимылмен көрсетуін сұраңыз:Жылқы – шабадыТүйе – ақырын қозғалады Қой – маңырайды **Бір тұтас тәрбие**	**"Бесікке бөлеу"**Бесік жырын тыңдау арқылы ананың мейірімін сезіну, ұлттық дәстүрге баулу. Қуыршақ, кішкентай көрпе. Балаларға бесік туралы айтып беру.Бір бала "ана" рөлін, біреуі "сәби" рөлін атқарады."Ана" бесік жырын айтып, "баланы" тербетеді.Қалған балалар тыңдап, бірге қосылып айтады. Бұл ойынананың қамқорлығын сезінуге көмектеседі. **Бір тұтас тәрбие**	**"Бауырсақ қайда домалады?"**Қазақ ертегілеріне қызығушылық тудыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту. "Бауырсақ" суреті немесе ойыншық.Балаларға "Бауырсақ" ертегісін айтып беру."Бауырсақ қасқырға барды ма?" – балалар "Иә" немесе "Жоқ" деп жауап береді."Бауырсақ неге қашты?" – балалар ойларын айтады.Бұл ойын ертегілерге қызығушылық арттырады. **Бір тұтас тәрбие**	**"Жапырақтар су ішеді"** **Мақсаты:** Өсімдіктердің су ішетінінкөрсету. **Қажеттізаттар:** Ақтүстігүлнемесежапырағы бар өсімдік, боялған су. **Ойынбарысы:**Гүлдінемесеөсімдіктітүрлі-түстісуғасалыңыз.Біразуақыттанкейіноныңжапырақтарынемесегүлдерібоялады.Балаларөсімдіктердіңтамырыарқылы су ішетінінтүсінеді. **Экологиялық тәрбие**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату Гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Гимн кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. **Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				

Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Дене тәрбиесі** **Ж д ж** Қол саусақ аяқ жаттығулары көктемгі қозғалыстарды бейнелеу Дене қыздыру және икемділікті дамыту Негізгі қимылдар Саты бойымен өрмелеу биікке шыққандай қозғалу Қауіпсіздік сақтай отырыпептілік пен күшті дамыту Қимылды ойындар: «Жоғары өрмеле» Балалар кезекпен сатыға өрмелеп шығады Көктемгі белсенді ойын ретінде ұйымдастырылады Жылдам әрі дұрыс орындаған балалар мадақталады **Қазақ тілі** **«Бөлме өсімдіктері»** **Тілдік дамытушы орта** Ойын 1: «Өсімдікті таныстыр» Балалар өсімдікті толық сөйлеммен сипаттайды:	**Музыка** Музыка тыңдау Музыкалық шығарма тыңдатылады. Иллюстрациямен сәйкестендіреді. Музыкалық ойыншықтардың дыбысын ажыратады. Аспаптарды атауға тырысады. Музыкаға зейін қояды. Әуеннің сипатын (көңілді, баяу) ажыратады. Музыка арқылы өз әсерін білдіреді. Әна йту Ересек дауысына ілесіп айту. Әнді бірге бастау, аяқтау. Әуенге сәйкес дұрыс айтуға тырысады. Дауыс ырғағын сақтауға дағдыланады. Сөздерді анықайтуға тырысады. Топпен бірге ән айтуға қатысады.			**Дене тәрбиесі** **Ж д ж** Толық кешен көктемгі барлық қимылдарды қамту Дене қыздыру және қозғалысқа дайындалу **Негізгі қимылдар** Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу (1–1,5 м) биікке көтерілгендей қозғалу Қауіпсіздік сақтай отырып күш пенептілікті дамыту **Қимылды ойындар: «Өрмелеушілер»** Балалар кезекпен өрмелеп жоғары көтеріледі Көктемгі белсенді ойын ретінде ұйымдастырылады Жылдам әрі дұрыс орындаған балалар мадақталады

	«Бұл – гүл. Гүл үйде өседі. Біз оған су құямыз». Ойын 2: «Қалай күтеді?» Балалар өз ойларын айтады: «Гүлге су құямыз, жапырағын сүртеміз». **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Ойын 1: «Ө дыбысы» Ө дыбысы бар сөздерді дұры сайту: өсімдік, өсу, көкөніс. Ойын 2: «Ү дыбысы» Ү дыбысы бар сөздер: гүл, күту, бүршік. **Сөздік қор** Ойын 1: «Гүл туралы тақпақ» Балалар гүл туралы тақпақты жаттап, мәнерлеп айтады. Ойын 2: «Жаңылтпаш айт» «Гүлге су құйдым» сөйлемін анықайту. **Грамматикалық құрылым** Ойын 1: «Көпше айт» Гүл – гүлдер, жапырақ – жапырақтар. Ойын 2: «Қандай гүл?»	Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Таныс би қимылдарын орындау. Музыка ырғағына сәйкес қозғалу. Қимылдарды үйлестіріп орындауға тырысады. Тәрбиешінің қимылдарын қайталайды. Қимыл арқылы музыка сипатын жеткізеді. Қарапайым би элементтерін бекітеді. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау Қоңыраумен біркелкі соғу. Ырғақты сақтауға тырысады. Қатты және ақырын дыбысты ажыратады. Аспапты дұрыс ұстауға дағдыланады. Музыка ырғағына сәйкес ойнайды. Топпен бірге ойнауға қатысады **Денешынықтыру** **Ж д ж** Қол аяқ жаттығулары толық көктемгі қозғалыстарды қамту			

	Әдемі гүл, жасыл жапырақ, үлкен гүл. **Байланыстырып сөйлеу** Ойын 1: «Менің гүлім» Балалар өз өсімдігі туралы 2–3 сөйлем айтады. Ойын 2: «Сурет бойынша әңгіме»	Дене қыздыру және бұлшық еттерді дайындау **Негізгіқимылдар** Туннель арқылы еңбектеу іннен шыққан жануарлар сияқты қозғалу Көлбеу тақтай бойымен қозғалу төбешікке көтерілгендей тепе-теңдікті сақтау **Қимылды ойындар: «Туннель»** Балалар кезекпен туннельден еңбектеп өтеді Көктемгі ойын ретінде ұйымдастырылады Жылдам әрі дұрыс орындаған балалар мадақталады			
	Балаларға гүлдердің табиғатты әдемі ететінін түсіндіру. Ойын әрекеті: **«Гүлдерді тамашалайық»** **Тіл дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Балалар «гүл», «қызылгүл», «сарыгүл» Сөздерін анық айтуға	Ойын әрекеті: **«Гүлдерді суарайық»** **Тіл дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Балалар «гүл», «су», «гүлге су керек» сөздерін анықайтады. Артикуляциялық жаттығулар орындалады. **Сөздік қор**	Ойын әрекеті: **«Гүлзар жасайық»** Ойын әрекеті: **«Гүлзар жасайық»** **Тіл дамыту – сөйлеудің дыбыстықмәдениеті** Педагог балаларға көктемгі гүлдердің суреттерін көрсетіп, «гүл», «әдемі гүл», «гүл жайқалды» сөздерін анықайтуға	Ойын әрекеті: **«Әдемі гүлдер»** **Тіл дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Балалар гүлдердің атауларын анықайтып, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттығады. Артикуляциялық	– Балалар, бүгін біз ерекше жерге барамыз... – Қайда деп ойлайсыңдар? Балалар: **Ғарышқа!** **Тіл дамыту** (дыбыстық жаттығу) А-А-А» (ай)«О-О-О» (от)«Ұ-Ұ-Ұ» Жаңылтпаш:

	жаттығады. Дауысты дыбыстарды (а, ә, е, о, ұ) дұрыс айтуға арналған артикуляциялық жаттығулар орындалады. Педагог балаларға гүлдердің атауларын айтып, олардың дыбыстарын анық айтуға көмектеседі. **Сөздік қор** Балалар «гүл өседі», «гүл әдемі», «гүл бақта өседі» сөз тіркестерін қолдануға үйренеді. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Балалар зат есімдерді көмекші сөздермен қолданады: «Гүл вазаның ішінде», «Гүл үстелде тұр», «Гүл бақтың жанында». **Байланыстырып сөйлеу** Балалар гүл туралы қысқа әңгіме құрастырады, педагогтың сұрақтарына жауап береді. **Көркемә дебиет** Көктемгі гүлдер туралы	Балалар «гүл өседі», «гүл жайқалады», «гүлге су құйдық» сөз тіркестерін қолданады. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Балалар «гүл құмыраның ішінде», «гүл үстелде тұр» сөз тіркестерін қолданады. **Байланыстырып сөйлеу** Балалар гүлге қалай күтім жасау керек екенін айтып береді. **Көркем әдебиет** Гүл туралы қысқа өлең тыңдау. **Қазақ тілі** Жаңылтпаш немесе санамақ айту. **Математика негіздері – сан** Балалар гүлдерді санап, тең және теңемес топтарды салыстырады. **Шама** Ұзын және қысқа гүл сабақтарын салыстыру. **Геометриялық пішіндер** Дөңгелек пішінді табу. **Кеңістікте бағдарлау**	жаттықтырады. Дауыстыды быстарды (а, ә, е, о, ұ) және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуға арналған артикуляциялық жаттығулар орындалады. Балалар гүл туралы сөздерді баяу әрі анық айтуға үйренеді. **Сөздік қор** Балалар «гүл бақта өседі», «гүлдің иісі жақсы», «гүл жайқалып тұр» сияқты сөз тіркестерін қолдануға үйренеді. Педагог балалардың жаңа сөздерді дұрыс қолдануына бағыт береді. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Балалар зат есімдерді көмекші сөздермен қолданады: «гүл бақтың ішінде», «гүл ағаштың жанында», «гүл жолдың үстінде». Зат есімдерді жекеше және көпше түрде айту жаттығулары жүргізіледі (гүл – гүлдер). **Байланыстырып сөйлеу** Балалар «Көктемде	жаттығулар арқылы сөйлеу мүшелері дамытылады. **Сөздік қор** Балалар «қызыл гүл», «сары гүл», «әдемі гүл», «гүлдің жапырағы» сөз тіркестерін қолданады. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Балалар «гүл вазаның ішінде», «гүл үстелде тұр», «гүл бақтың жанында» сөз тіркестерін қолданады. **Байланыстырыпсөйлеу** Балалар гүл туралы қысқа әңгіме айтып береді. Педагог балаларға бағыттаушы сұрақтар қояды. **Көркем әдебиет** Гүлдер туралы өлең тыңдау. Балалар өлең жолдарын қайталайды. **Қазақ тілі**	«Жұлдыз жарық, жұлдыз алыс» Сөздік қор Сөздер: Зымыран ғарыш Жұлдыз күн ай **Математика негіздері** Көп-аз салыстыру «Қайсысы көп?» Үлкен күн – кіші жұлдыз 7Геометриялық пішін Дөңгелек (күн, ай) Балалар қолымен ұстап көреді **Көркем әдебиет** «Ай мен Жұлдыз» ертегісі Сахналау

	қысқа тақпақ тыңдау. Балалар тақпақтың кейбір жолдарын бірге айтады. **Қазақ тілі** Қазақ тіліне тән «ә», «ө», «ү», «ұ» дыбыстарын дұрысайтуға жаттықтыру. Балалар қысқа санамақ немесе тақпақты қайталайды. **Математика негіздері – сан** Балалар гүлдерді санайды: бір гүл, екі гүл, үш гүл. «Қайсысы көп?», «Қайсысы аз?» сұрақтарына жауап береді. **Геометриялық пішіндер** Балалар гүлдің ортасындағы дөңгелек пішінді зерттейді. **Кеңістікте бағдарлау** Балалар гүлді оң және сол жағына орналастырады. **Уақытты бағдарлау** Педагог Көктем мезгілінде гүлдер	Гүлді оң және сол жаққа орналастыру. **Уақытты бағдарлау** Гүлдердің күндіз өсіп, кешке жабылатыны туралы айту. **Жапсыру** Балаларға желімді дұрыс қолдану тәсілі көрсетіледі. Балалар **геометриялық пішіндерден гүл құрастырады**: дөңгелек – гүлдің ортасы сопақ немесе үшбұрыш – күлтелері Қағаз қиындыларын жапсыру арқылы **«гүл алаңы» композициясы** жасалады. **Мүсіндеу** Балалар ермексазды алақан арасында жұмсартып, **домалату, созу, басу тәсілдерін** қолданады. Домалату арқылы гүлдің ортасын жасау. Созу арқылы гүлдің сабағын жасау. Күлтелерді біріктіріп гүл бейнесін құрастыру. Балалар жасаған	гүлдер өседі» тақырыбында шағын әңгіме құрастырады. Педагог сұрақтар қою арқылы балалардың сөйлеуін дамытады. **Көркем әдебиет** Гүл туралы қысқа тақпақ оқылады. Балалар тақпақ тытыңдап, кейбір жолдарын бірге қайталайды. **Қазақ тілі** Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Балалар қысқа санамақ айтып, сөздерді дұрыс айтуға машықтанады. **Математика негіздері – сан** Балалар гүлдерді санайды. Гүлдердің санын салыстырып «қайсысы көп?», «қайсысы аз?» сұрақтарына жауап береді. **Шама** Балалар үлкен және кіші гүлдерді салыстырады. Ұзын және қысқа гүл сабақтарын байқайды. **Геометриялық пішіндер** Балалар гүлдің	Балалар жаңылтпаш айтып, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттығады. **Математика негіздері – сан** Балалар гүлдерді санап, тең және теңемес топтарды салыстырады. **Шама** Балалар үлкен-кіші, ұзын-қысқа гүлдерді салыстырады. **Геометриялық пішіндер** Балалар дөңгелек пішінді тағы да бекітеді. **Кеңістікте бағдарлау** Балалар гүлдерді оң және сол жағына орналастырып көреді. **Уақытты бағдарлау** Балалар таңертең гүлдер ашылатынын, кешке жабылатынын біледі.	

	өсетінін түсіндіреді.	гүлдерін біріктіріп ұжымдық «гүлзар» композициясын жасайды.	ортасындағы дөңгелек пішінді байқап, оны қолмен ұстап көру арқылы зерттейді.		
Екінші таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Серуенгедайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Картотека№3 «Тамшыларды» бақылау** **Мақсаты:** Балаларға шатырлардан аққан тамшыларды, қардың еруін бақылату. Балаларға ауа – райы туралы әңгімелеу. Табиғат құбылыстарының бірі – тамшылар туралы түсіндіру. Тілдік қорларын молайту. Білімдерін жетілдіру. **Бақылау** Балаларға ауа – райының тұманды екенін бақылату. Тұманды және тұнық күндерді ажырата білуді үйрету. а) Ауа – райы қандай? б) Тамшы дегеніміз не? в) Қар қай кезде ериді? Сансыз көкек сұңқылдап, Көктем келді ертелеп. Нәсік үнмен сыңқылдап, Бұйра бұлақ еркелеп. **Еңбек. «Қар жинау»** **Мақсаты:** Балаларға тәрбиешінің көмегімен ойын алаңын қардан тазалауға үйрету. Күреу құралы –		**Картотека №4Тақырыбы: «Құстарға ұя жасау».** **Мақсаты:** Тәрбиешінің көмегімен құстарға ұя жасап ілу. Құстарға жем беру, күтіп- баптауға үйрету. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. **Серуеннің барысы:** Бүгінгі ауа райын бақылату Қамқорлық. **Мақсаты:** Балаларды құстарға қамқорлық жасауға үйрету. Құстар келді. Құстар менің достарым, Құспен қызық аспаным. Үйшік жасай білемін, Ағаштарға ілемін. Жемін- суын керегін, Күнде апарып беремін. Олар мәз боп қалады, Шаттық әнге салады. **Еңбек. «Ойын алаңын тазарту»** Мақсаты: Балаларға тәрбиешінің көмегімен ойын алаңын	

	күректі дұрыс ұстауды көрсетіп, үйрету. Үлкендердің еңбегін бағалауға үйрету. Еңбектің нәтижесін көрсету. **Жұмбақ** Күн ұзарып, Қар еріп, Су сайларға толады, Айтыңдаршы бөбектерім, Бұл қай кезде болады?(көктем) **Қозғалмалы ойын. «Көлік пен торғайлар»** **Мақсаты:** Балалардың қимыл – қозғалыстарын арттыру, қол – аяқ бұлшықетттерін жетілдіру, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	қардан тазалауға үйрету. Күрек құралы – күректі дұрыс ұстауды көрсетіп, үйрету. Үлкендердің еңбегін бағалауға үйрету. Еңбектің нәтижесін көрсету. **Дидактикалық ойын. «Бұл қай құс?»** **Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.Тілдік қорларын дамыту, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Құстардың тіршіліктерімен таныстыру,құстардың дыбыстауын үйрету. Көктем келді,наурыз келді, Жер кеңіді, ел көгерді. Дастарханын жайып дархан, Жақсылық пен бақыт шашқан.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**	
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу,қолды дұрыс сүрту, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**	
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотористикаларды дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**	
Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту.**Сауықтыружаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту).**Өзіне-өзі қызметету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ	

<table>
<tr><td>шаралары</td><td colspan="5">киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту).Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту (тазалыққа баулу).</td></tr>
<tr><td>Бесін ас</td><td colspan="5">Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында

қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес іс-әрекеті</td><td>Құрастыру
Балалар құрылыс материалдарынан гүлзар құрастырады.
Сурет салу
Балалар қылқаламды</td><td>Вариативный компонент.
Сурет салу
Балаларға гүлдердің суреттері көрсетіліп, олардың түсіне назар аударту. Қылқаламды дұрыс ұстап, қағаз бетіне гүл бейнесін</td><td>Құрастыру
Балалар құрылыс материалдарын пайдаланып шағын гүлзар құрастырады. Кірпіштерді көлденең және тік орналастыру тәсілдерін қолданады.
Сурет салу</td><td>Құрастыру
Балалар құрылыс материалдарынан гүл алаңын құрастырады.
Сурет салу
Балалар түрлі түсті бояуларды пайдаланып гүл</td><td>Құрастыру
Балалар құрылыс материалдарынан «зымыран» және «ғарышалаңын» құрастырады.Зымыранды кірпіштерді тік орналастыру арқылы жасайды, ал айналасына жұлдыздар мен «ғарыш жолын» құрастырады.
Сурет салу
Балалар күн, ай, жұлдыздар</td></tr>
</table>

	дұрыс ұстап, қағаз бетіне гүл бейнесін салады. Негізгі түстерді қолданады. **Мүсіндеу** Балалар ермексаздан гүлбейнесін жасап, таяқшамен безендіреді. **Жапсыру** Балалар геометриялық пішіндерді пайдаланып гүл бейнесін құрастырады. **Қоршаған әлеммен таныстыру** Балалар көктемде гүлдердің Өсетінін және табиғаттың жаңаратынын біледі.	салу ұсынылады. Балалар дәстүрлі емес тәсілдерді қолдана отырып гүл суретін салады: **Саусақпен сурет салу әдісі** – саусақты бояуға батырып, нүктелер арқылы гүл күлтелерін жасау. **Мақта таяқшамен сурет салу** – мақта таяқшамен нүктелер түсіріп гүл бейнесін бейнелеу. **Таяқшамен құмға сурет салу** – құм бетіне гүлдің суретін салу. Балалар қызыл, сары, жасыл түстерді қолданып гүл мен шөп бейнесін қағаз бетіне орналастырады. **Қоршаған әлеммен таныстыру** Бақылау Күнтізбесінде көктемгі ауа райының жағдайы белгіленеді.	Балалар қылқалам арқылы гүлдің сабағын, күлтелерін салып, негізгі түстерді қолданады. Қағаз бетіне бірнеше гүл орналастырып қарапайым композиция жасайды. **Мүсіндеу** Балалар ермексаздан гүл бейнесін жасайды: домалату арқылы гүлдің ортасын, созу арқылы сабағын жасайды. **Жапсыру** Балалар дөңгелек және сопақ пішіндерді пайдаланып гүл бейнесін құрастырып жапсырады. **Қоршаған әлеммен таныстыру** Балалар көктемде гүлдердің өсетінін, табиғаттың Жаңаратынын түсінеді. Өсімдіктерге күтім жасау туралы әңгіме жүргізіледі.	бейнесін салады. **Мүсіндеу** Балалар ермексаздан өздеріне ұнаған гүл бейнесін мүсіндейді. **Жапсыру** Балалар геометриялық пішіндерді пайдаланып гүл композициясын жасайды. **Қоршаған әлеммен таныстыру** Балалар гүлдердің табиғатты әдемі ететінін түсінеді және оларды қорғау керектігі туралы әңгімелеседі.	бейнеленген қарапайым сюжеттік сурет салады.Қара, көк фонға сары түсті жұлдыздарды, дөңгелек күн мен айды бейнелейді. **Мүсіндеу** Балалар ермексаздан жұлдыз, ай немесе зымыран мүсіндейді. Жасалған жұмыстарды біріктіріп, «ғарыш әлемі» атты ұжымдық композиция құрастырады. **Жапсыру** Балалар дайын қағаз пішіндерден (дөңгелек, үшбұрыш, шаршы) «ғарыш көрінісін» (зымыран, жұлдыздар, ай) жапсырады. Пішіндерді қағаздың ортасына және жоғарғы бөлігіне орналастырады. **Қоршаған әлеммен таныстыру –** табиғат (ғарыш элементі) Балалар аспанды бақылау арқылы күн мен айды ажыратады. Күннің жарық және жылы беретінін Ай мен жұлдыздардың түнде көрінетінін байқайды «Күндіз – күн, түнде – ай мен жұлдыз» түсінігін қалыптастырады. Қарапайым бақылау жүргізеді: Бүгін күн ашық па? Күн көрініп тұр ма? Бақылау күнтізбесінде: күндіз (күн) түн (ай, жұлдыз) белгіленеді

Балалармен жеке жұмыс	**Бағыты:** Же кеше-көпше **Жұмыс:** «Ба ла – балалар», «доп – доптар» сөздерін көпше түрде айтқызу.	**Бағыты:** Байланыст ырып сөйлеу **Жұмыс:** Таныс ертегіден 2–3 сөйлемді ретімен айтқызу.	**Бағыты:** Көркем әдебиет **Жұмыс:** Кейіпкердің дауысын келтіріп, қысқа реплика айтқызу.	**Бағыты:** Қазақ тілі (ә, ө, ү, қ) **Жұмыс:** «Әже, өрік, үкі, қоян» сөздерін анық айтқызу.	**Бағыты:** Санамақ, тақпақ **Жұмыс:** Қысқа санамақты жатқа айтқызу.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Картотека№3 «Тамшыларды» бақылау** **Мақсаты:** Балаларға шатырлардан аққан тамшыларды, қардың еруін бақылату. Балаларға ауа – райы туралы әңгімелеу. Табиғат құбылыстарының бірі – тамшылар туралы түсіндіру. Тілдік қорларын молайту. Білімдерін жетілдіру. Бақылау Балаларға ауа – райының тұманды екенін бақылату. Тұманды және тұнық күндерді ажырата білуді үйрету. а) Ауа – райы қандай? б) Тамшы дегеніміз не? в) Қар қай кезде ериді? **Қимылды ойын Ойын:** «Қаршыға мен торғайлар»		**Картотека №4 Тақырыбы: «Құстарға ұя жасау».** **Мақсаты:** Тәрбиешінің көмегімен құстарға ұя жасап ілу. Құстарға жем беру, күтіп- баптауға үйрету. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Серуеннің барысы: Бүгінгі ауа райын бақылату Қамқорлық. Мақсаты: Балаларды құстарға қамқорлық жасауға үйрету. Құстар келді. Құстар менің достарым, Құспен қызық аспаным. Үйшік жасай білемін, Ағаштарға ілемін. Жемін- суын керегін, Күнде апарып беремін. Олар мәз боп қалады, Шаттық әнге салады.	

	Шарты: Торғайлар алаңда жүреді. Қаршыға шыққанда белгіленген жерге жүгіріп жетуі керек. **Ойын:** «Кедергілер жолағы» **Шарты:** Жүгіріп барып, кедергіден аттап, туннельден еңбектеп өтіп, қайта оралады.	**Ойын:** «Кім шапшаң?» **Шарты:** Екі топқа бөлініп, белгіленген межеге дейін эстафета арқылы жүгіріп жарысады. **Ойын:** «Кім шапшаң?» **Шарты:** Екі топқа бөлініп, белгіленген межеге дейін эстафета арқылы жүгіріп жарысады. **Ойын:** «Түсті бұрыштар» **Шарты:** Алаңның төрт бұрышына түрлі түсті белгілер қойылады. Педагог атаған түске тез жүгіріп барады.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**	
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпаратберу.Балалардың жекез аттарын (киім, аяққиім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут**	

Тексерілді: Бердашетова

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Топ: «Балдырған» ортаңғы топ

Жоспардың құрылу кезеңі: Сәуір айы 2026 жыл 3 апта

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Апта дәйек сөзі: «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді» Леонардо да Винчи (ойын арқылы) Адал Азамат Б Т Т

Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу.

Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау

Өзіне-өзі қызмет көрсету

Тәрбиешілер: Тукушова Л.К , Морланг К.В

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 13.04.2026 ж**	**Сейсенбі 14.04.2026 ж**	**Сәрсенбі 15.04.2026 ж**	**Бейсенбі 16.04.2026ж**	**Жұма 17.04.2026 ж**
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым- қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел	«Әдемі кілемшелер бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін	«Таныс пішіндер доминосы» геометриялық пішіндер жайлы	«Өз үйіңді тап» түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту;	«Зейінді бол» Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді	«Мынау қай пішін?» Геометриялық пішінді сипалап

үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Танымдық дағдылар**	білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру. **Таным дық дағдылар**	ойынның ережесін сақтауға үйрету **Танымдық дағдылар**	көрсете білу. **Танымдық дағдылар**	анықтау арқылы айта білу. **Танымдық дағдылар**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату Гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Гимн кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Сәуірайына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. **Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
